

**"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің патрульдік қызметінің қоғамдық тәртіпті күзету мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жарғысын жариялау туралы"**

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 06 сәуірдегі N 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1499. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 ~V021938 бұйрығымен.

Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын жетілдіру, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ішкі істер органдары полициясының кешенді күштері мен ішкі әскерлер полициясының моторландырылған арнайы бөлімдері қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

**1 . М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі патрульдік қызмет жарғысы (N 1 қ о с ы м ш а ) ;

2) патрульдік полиция бөлімшелерінің типтік штаттары (N 2 қосымша) б е к і т і л с і н ;

2. Астана қаласы ПБ-ның, Алматы қаласы ПББ-ның, облыстардағы және көліктегі ПББ, ПБ-ның, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің оқу орындарының бастықтары, ішкі әскерлер бөлімдерінің командирлері:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге қатысушы полиция кешенді күштерінің іс-қимылдарын үйлестіру мен басқару жөніндегі міндеттерді ПББ, ПБ , КПБ, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары бастықтарының қызмет жөніндегі орынбасарларына жүктесін;

2) бағыныстағы органдар мен бөлімшелердің жеке құрамы жауынгерлік және қызметтік дайындық бөлімде сынақ ала отырып, осы жергілікті оқып-үйренуін ұ й ы м д а с т ы р у м е н ;

3) патрульдік қызмет жарғысының талаптарын қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге тартылатын барлық қызметкерлердің, сондай-ақ полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру мен бақылау міндеті жүктелген лауазымды адамдардың бұлжұтпай орындауын қамтамасыз етсін;

4) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының басшыларының және саптық бөлімшелердің командирлерінен жеке құрамды осы қызметтің

ерекшеліктерін ескеріп, патрульдік қызмет атқарудың тактикалық тәсілдерін меңгеру практикалық сабақтарына айрықша мән бере отырып, оқыту мен дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыруды талап етсін;

5) тоқсанына кемінде бір рет патрульдік полиция мен ішкі әскерлер полициясының арнайы моторландырған бөлімдері жеке құрамдарының бірлескен оқу сабақтарын және жаттықтыруларын өткізсін, оның барысында патрульдік нарядтардың жиі кездесетін көше қылмыстарының жолын кесу мен оларды ашу жөніндегі іс-қимыл дағдыларын үйретсін;

6) Ішкі әскерлер полициясының арнайы моторландырылған бөлімдерінің күш-құралдарын күрделі криминогендік жағдай қалыптасқан аймақтарда пайдалансын. Олардың қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті атқару тәртібін Ішкі әскерлердің жауынгерлік қызмет жарғысының талаптарына сәйкес белгілесін. Жеке құрамды орналастыру жүйесінде ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің араласқан нарядтарының қызмет атқаруын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

7) Астана қаласы ПБ-ның, Алматы қаласы ПББ, облыс орталықтары мен әкімшіліктегі бөліктерге бөлінетін қалалардың ПБ айына бір рет қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге қатыстырылған полиция кешенді күштеріне біртұтас нұсқау беріп алмастыру өткізсін;

8) полицияның жылжымалы пункттері мен тұрақты күзет орындарының озық жұмыс әдістерін іс жүзінде қолданып, жетілдірсін, патрульге қызметтік иттер мен аттарды барынша пайдалансын;

9) республика ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерін патрульдік учаскелер, бағыттар, күзет қостары және аялдау нүктелері түсірілген карта сызбаларымен (магниттік жоспарлармен), сондай-ақ қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайды бақылауға мүмкіндік беретін қажетті құжаттармен қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

10) жасалған қылмыстар, іздеудегі адамдардың ерекшеліктері туралы мәліметтерді патрульдік нарядтарға дер кезінде хабарламаудың, сондай-ақ қызмет атқару уақыты мен орындарында қылмыс жасаудың әрбір фактісіне төтенше оқиға деп қарап, тәулік ішінде қызметтік тексеру жүргізсін және кінәлілерді жауапқа тартсын;

11) патрульдік учаскелер құрылған қала аудандарының шеткі аумақтары мен елді мекендерде "Патрульдік учаске" принципі бойынша патрульдік қызмет атқару әдістерін жер-жерде жетілдірсін;

12) патрульдік полиция нарядтарының қызмет атқаруы үшін оларды тұрақты негізде белгілі бір патрульдік учаскелерге бекітсін және оларға құқық тәртібін қамтамасыз етуді толық көлемде жүктесін, алғашқы дайындықтан өтпеген қызметкерлерді тәртіп сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқаруға

қ о с п а с ы н ;

13) тоқсан сайын жедел кеңестерде полицияның кешенді күштерінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және қылмыспен күрестегі жұмыстарының, сондай-ақ олардың Республика Ішкі істер министрінің Ішкі әскерлермен өзара іс-қимылдарының нәтижелерін қарап, қажетті басқармалық шешімдер қабылдасын. Олардың қызметінің тиімділігін көтеруге нақты шаралар қолдансын ;

14) патрульдік полиция бөлімшелерінің жеке құрамын нысандық киім-кешекпен, оның ішінде ауа-райы суық және биік таулы аудандарда жылы киімдермен, қажетті арнайы құралдармен, байланыс құралдарымен, кезектен тыс, сапалы техникалық қызметпен және жанармайлар материалдармен, жарақталған автокөлікпен қамтамасыз етсін;

15) қылмыстарды "кезекшілік тәулікте" ашуға және қылмыскерлерді ұстауға белсенділікпен қатысқан полиция қызметкерлері мен Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін марапаттауды іс жүзінде кеңінен қолдансын;

16) патрульдік нарядтар мен полиция кешенді күштерінің жұмыс нәтижелері үшін қалалық, аудандық және желілік органдар бастықтарының жеке жауапкершіліктерін белгілесін.

3. Қалалық, аудандық және желілік ішкі істер органдарының бастықтары:

1) ағымдағы тәулікте қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шешімді ішкі істер органы бойынша кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезінде қабылдасын, күштерді орналастыру барысында қызметтердің ұсыныстарын, жедел жағдай ахуалын, бұқаралық шараларының өткізілуін және басқа ф а к т о р л а р д ы е с к е р с і н ;

2) патрульдік нарядтарларға нұсқау беру сапасын жақсарту мақсатында оларды өткізу өздерінің орынбасарларын, қалалық, аудандық және желілік әкімшілік полиция қызметтерінің басшыларын тартсын, сондай-ақ оларға криминалдық, жол полициясы қызметтерінің міндетті түрде қатысуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) патрульдік нарядтардың қызмет атқаруына жариялы және жасырын бақылау орнатсын. Бұл жұмысқа ай сайынғы жеке кестелер бойынша қалалық, аудандық және желілік органдардың басшы құрамын, әкімшілік полиция қызметтерінің бастықтарын тартсын;

4) патрульдік нарядтардың жұмысын әр маусым аяғында қорытындыласын және олардың қызметін әр айдың нәтижелері бойынша талдау жүргізісін.

4. КТЖД (Валиев Х.Х.) ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге полицияның кешенді күштері құрамына қатыстырылатын қызметкерлерінің кәсіби оқуын жақсарту мақсатымен алғашқы қызметтік дайындықтан өту кезінде ішкі істер органдарының патрульдік қызметі

жұмысының негізін құрайтын нормативтік құқықтық актілерді оқып-үйрену жөніндегі оқу және тақырыптық жоспарларының кеңейтілуін қарастырсын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің барлық жеке

құрамына жариялансын.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Тыныбеков Қ.С.) және Штаб-Департаментіне (Буканов М.А.) жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі -  
Ішкі әскерлер қолбасшысы  
генерал-майор

"КЕЛІСІЛГЕН" Қазақстан Республикасы  
Қазақстан Республикасының ІМ-нің 2001 жылғы  
бас прокуроры 6 сәуірдегі  
2001 жылғы 2 сәуірдегі N 300 бұйрығына  
1 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің  
патрульдік қызметінің қоғамдық  
тәртіпті күзету мен қауіпсіздікті  
қамтамасыз ету жөніндегі  
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі патрульдік қызметінің қоғамдық тәртіпті күзету мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) қоғамдық орындар мен көлікте, бұқаралық іс-шаралар өткізілгенде және ерекше жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру мен қылмысқа қарсы күресу жөніндегі міндеттерді V001368\_ , меншіктің барлық түрлерін қорғау, қылмыстардың жолын кесу мен оларды ашу жөніндегі қызметтің ұйымдастырылуын және атқарылуын, полицияның лауазымды

патрульдік нарядтарының патрульдік қызмет атқару кезеңіндегі міндеттері мен құқықтарын белгілейді.

Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуі полиция кешенді күштерін "Патрульдік учаске" деген әдіс бойынша орналастыру жоспарына сәйкес пайдалануға негізделеді.

Осы Ережелер қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында Қазақстан республикасының Ішкіісмині ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы барлық адамдары мен ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері қызмет атқару кезеңінде және қызметтен тыс жүргендері орындауға міндетті басқарушы құжат болып табылады.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### §1. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметтің негіздері

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасының Конституциясы К951000\_ , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" U952707\_ Заңдық күші бар Жарлығы, "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Z922200\_ Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының өзге де заңдары, осы Ережелер және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Ережелер Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі - ПО) және Қазақстан Республикасының ІІМ-нің ішкі әскерлерінің (бұдан әрі - ІӘ) жеке құрамы үшін қоғамдық орындар мен көшелерде құқық тәртібін сақтау жөніндегі қызметті басқару мен ұйымдастыру негіздерін, міндеттерін анықтайтын, сондай-ақ оны атқару тәртібін белгілейтін басқарушы құжат (нормативтік құқықтық акт күші бар болып табылады.

1) патрульдік қызмет атқару кезінде ПО-ның қызметкерлері, Қазақстан Республикасының ІІМ-нің оқу орындарының тыңдаушылары (курсанттары), сондай-ақ ішкі әскерлер полициясының арнайы моторландырылған бөлімнің жеке құрамы (бұдан әрі - ПАМБ) полиция нарядтарының міндеттерін атқарады және Ережелерде көрсетілген құқықтық және әлеуметтік қорғау құқықтары мен кепілдері таралады.

2) қызметті тұрақты атқару үшін қалалық, аудандық, желілік органдарда олардың бастықтарына тікелей бағынышты болатын полицияның саптық

бөлімшелері (батальондар, роталар, взводтар, бөлімшелер) құралады.

3) қалада, ауданда құқық бұзушылықтың кең жайылған түрлерімен күрес жөніндегі батальондар, роталар мен взводтар құрамында арнайы топтар құрыла алады. Олардың жұмыстары қалалық, аудандық, желілік органдар басшыларының күнделікті бақылауымен және жедел қызметтермен өзара тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылады. Бұл топтардың сандық құрамы және құрамның нақты санының 15%-нен аспауы тиіс.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі "Патрульдік учаске" деген әдіс бойынша, арнайы тағайындалған патрульдік нарядтардың басқару шешімдеріне негізделген, қылмыспен күреске және құқық тәртібін нығайтуға бағытталған қоғамдық орындар мен көшелерде шаралар өткізу кезінде және төтенше оқиғалар туындаған жағдайларда патрульдік қызмет атқаруы болып табылады.

1) Патрульдік учаске (бұдан әрі - ПУ) - өз шекарасы бойынша полицияның учаскелік пунктiнiң (бұдан әрі - ПУП) шекарасымен сәйкес келетін аумақ, онда патрульдік нарядтар үшін патрульдеудің көліктік және жаяу жүру бағыттары әзірленеді. Бағыттарды әзірлеу барысында оперативтік жағдай және оқиға болған жерге жылжымалы полиция тобының (бұдан әрі - ЖПТ) және жаяу нарядтың келу немесе хабарлама алған сәттен кейін 5 минут уақыттың ішінде шақыру мүмкіншілігі ескеріледі;

2) Қалалық, аудандық ішкі істер органы бастығының бұйрығымен: әрбір ПУ-ге патрульдік учаске аға инспекторларды мен инспекторлар, оған бағынышты қызметкерлер тобы (полиция кешенді күштерінің құрамына кіретін тізім бойынша тұрақты негізде) бекітіледі; патрульдік полиция бөлімінің (бөлімшесінің) әрбір қызмет аға инспекторына 5-ке дейін патрульдік учаскелер бекітіледі.

3) Қоғамдық орындарға түрлі тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында адамдардың қарым-қатынас жасайтын орындары - көшелер мен бұқаралық объектілер (ғимараттар, құрылыстар, жолаушы көлік құралдары), сондай-ақ өткізілу кезеңдерінде - бұқаралық ойын-сауық, спорттық, қоғамдық-саяси және өзге іс-шаралардың өткізілуі аймақтары жатады.

4) Қоғамдық орындарда патрульдік қызмет атқару үшін құрамына қарай полицияның патрульдік нарядтары (бұдан әрі - ППН), аралас патрульдік нарядтар (бұдан әрі - АПН) және әскери нарядтар (бұдан әрі - ӘН) шығарылады. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті атқару патрульдік нарядтың құрамына қарамастан ПО полиция қызметкерлері және ІӘ үшін белгіленген нысандық киімде жүзеге асырылады. Арнайы міндеттерді жүзеге асыру кезінде олар тікелей бастықтың рұқсаты бойынша қызметті штаттық киімде атқара алады.

4. Патрульдік полицейлік (патрульдік наряд құрамындағы ішкі әскерлер ПАМБ-ның әскери қызметкері) өкімет өкілі болып табылады, мемлекеттің қорғауында болады және қызметтік міндеттерін орындауда дербестік құқығына ие болады. Оның заңды талаптары мен өкімдері азаматтар және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Патрульдік қызметкерлердің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-қимылдары "Заң атымен" деген сөздермен жалғасуы тиіс.

5. Жеке құрамның патрульдік қызмет атқару кезіндегі қызметтік уақыты оның қалалық, аудандық, желілік органы (бөлімі, бөлімшесі) бойынша кезекшінің және полицияның аға учаскелік инспекторының (бұдан әрі - ПУИ) жедел қарамағында болуымен белгіленеді. Патрульдік қызмет атқарушы ІО және ІӘ қызметкерлері, көрсетілген адамдардың қарамағына нұсқау беру басталған сәттен бастап кіреді; қарамағынан шығу қызмет аяқтау бойынша ол адамдардан рұқсат алумен анықталады. Қызмет уақытының бір ай ішіндегі орташа тәуліктік ұзақтығы еңбек заңдарымен белгіленген жұмыс күнінің ұз а қ т ы ғ ы н а н а с п а у ы т и і с .

Жеке құрамға ауысым ішінде, бірақ күзет орнында, патрульдеу бағыттарында 5 сағат үздіксіз қызмет атқару уақытынан кешіктірмей тынығу және тамақтану үшін 1 сағат үзіліс беріледі. Үзіліс уақыты қызмет уақытының жалпы ұзақтығынан алынып тасталады. Қажетті жағдайларда нарядтарды ауыстыру ж ү р г і з і л е д і .

Нұсқау беруді, қызметтік кеңестерді, оқу сабақтарын өткізумен техниканы пайдалануға дайындау уақыттары қызметтік болып саналады.

Жеке құрам патрульдік қызметті атқару үшін тәуліктің кез келген уақытында тағайындалады. Демалыс күндері кесте бойынша беріледі. Бұл орайда ай сайын екі демалыс күні қатарынан сенбі және жексенбі күндерінде берілуі тиіс.

Нарядтардың үздіксіз қызмет атқару ұзақтығы сыртқы күзет орындары мен бағыттарда температура - 20 градус және одан төмен болғанда (жылытылатын үй-жай болмаған жағдайда), сондай-ақ температурасы + 35 градус және одан жоғары болғанда екі сағаттан аспауы керек. Қажет болғанда нарядтардың а у ы с т ы р ы л у ы ұ ғ ы м д а с т ы р ы л а д ы .

6. Жедел жағдай күрделене түскенде, төтенше жағдайлар (табиғи қайғылы жағдайлар, өрт оқиғалары, ірі өндірістік және басқа да апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар, т.б.) туындағанда, бұқаралық шаралар (қоғамдық-саяси, ойын-сауық, спорттық, т.б.) өткізілгенде қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасы е н г і з і л е а л а д ы .

Қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасы және құрамның тәуліктік қызметтік уақытының ұзақтығын үздіксіз 12 сағатқа дейін ұлғайту және 2 аптадан аспайтын мерзім ішінде демалыс бермеу, ал кейбір жағдайларда кезекті демалыс беру

мерзімін ауыстыру және қаладан, елді мекеннен тыс жерге шығуына уақытша тиым салу есебінен қамтамасыз етіледі.

Заңмен белгіленген жұмыс уақытынан тыс, сондай-ақ апта сайынғы демалыс күндері және мереке күндері қызмет атқарғаны үшін полиция қызметкерлеріне заңға сәйкес өтемақы төленеді немесе басқа күндері демалыс беріледі.

7. ПАМБ жеке құрамының тікелей патрульдік учаскелерде қызмет атқару уақытының ұзақтығы тәулігіне 5 сағаттан аспауы тиіс. ПББ, ПБ бастықтарының, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрі-ішкі әскерлер қолбасшысымен (бұдан әрі - Министр) келісілген шешімдері бойынша ПАМБ әскери нарядтарының қызмет атқару уақыты 1-2 сағатқа ұзартылуы мүмкін.

## §2. Полицияның кешенді күштері және олардың құралдары

8. Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі полицияның кешенді күштерін (бұдан әрі - ПҚК) патрульдік полиция бөлімшелерінің (ерекше мақсаттағы, жедел қимылдау бөлімшелерінен басқа) жеке құрамы, ПО арнайы мекемелерінің, Қазақстан Республикасы "Күзет" РМК (бұдан әрі - "Күзет" РМК), жол полициясының (бұдан әрі - ЖП), сондай-ақ ПАМБ патрульдік экипаждары құрады.

9. Бұқаралық шараларды өткізу, ірі өндірістік, табиғи, басқа да апаттар мен өзге де төтенше оқиғалар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін, қоғамдық тәртіпті топтасып бұзу мен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу және олардың салдарын залалсыздандыру күрделі криминогендік жағдайды жекелеген учаскелерде сауықтыру іс-шараларын өткізу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ, Астана қаласы ПБ, Алматы қаласы ПББ, облыстардағы ПББ, ПБ-лары (бұдан әрі - ПББ, ІББ) жанында полицияның ерекше мақсаттағы отрядтары (бұдан әрі - ПЕМО), жедел қимылдау бөлімшелері (бұдан әрі - ЖҚБ) құрылады.

Ерекше жағдайларда ПЕМН мен ЖҚБ аса қауіпті қаруланған қылмыскерді іздестіру мен ұстауға қатыстырыла алады.

10. Ішкі әскерлердің ПАМБ ішкі органдарымен бірлесіп, елді мекендерде қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзудың жолын кесуге қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз етуге, төтенше оқиғалардың (табиғи қайғылы оқиғалардың, ірі апаттардың) салдарын залалсыздандыруға арналған.

11. ПББ, ПБ-ның бастықтары ПАМБ жөніндегі (аумақтығы бойынша) аға жедел бастық болып табылады және Министрдің келісімі бойынша оларды тұрақты орналасу пункттерінде қоғамдық тәртіпті сақтауға, төтенше оқиғалар (жағдайлар) зардаптарын жоюға қатыстырады.



12. ЖП-ның, "Күзет" РМК-ның, ПО-ның арнайы мекемелерінің патрульдік нарядтары тікелей қызметтік міндеттерін атқарумен қатар өздерінің іс-қимылдары шегінде ПО-ның қоғамдық тәртіпті қамтамсыз етудегі міндеттерін іске асыру жөнінде шаралар қолдануы тиіс.

13. ПМК-ның жеке құрамы мен құралдарын осы Ережелермен көзделмеген міндеттерді орындау үшін тартуға тыйым салынады.

14. Аса маңызды объектілерді қорғауды жүзеге асыратын полиция бөлімшелері мен арнайы мақсаттағы автомобильдердің тұрақты жүріп өтетін жолдарында қызмет атқаратын ЖП бөлімшелері қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес міндеттерін орындауға жекелеген жағдайларда тікелей бастықтарының өкімдері бойынша қатыстырылады.

15. Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамсыз ету жөніндегі ПМК-ның құралдары:

1) арнайы автомобильдер, бронемашиналар, тікұшақтар, мотоциклдер, велосипедтер, катерлер және басқа да көлік құралдары;

2) сым байланысы, кәрездік байланыс, радиобайланыс және белгі беру құрылғылары;

3) табельдік қару-жарақ, қорғану және белсенді қорғаныс арнайы құралдары;

4) электрмегафондар, жарық түсіретін құралдар, бейне-аудио және басқа да техникалық құралдар;

5) қызметтік иттер мен аттар;

6) арнайы операцияларды қамтамасыз ету құралдары құрайды.

16. Патрульдік қызметті атқару үшін нарядтың мынадай түрлері шығарылады: патрульдер, патрульдік топтар, күзет қостары, бақылау өткізу пункттері, қосалқы күштер.

17. Патруль бұл құрамында екі немесе бірнеше полиция қызметкері бар, бағытты немесе күзет қосын жаяу (автомобильмен) аралау, оның жекелеген учаскелерін байқап қарау жолымен алдына қойылған міндетті орындаушы жылжымалы наряд.

Полицейлік наряд құрамында патрульдеуші деп аталады.

Патруль қызметті автомобильде (бұдан әрі - АП), мотоциклде (бұдан әрі - МП), катерде (бұдан әрі - КТП), велосипедте (бұдан әрі - ВП) атқара алады. Сондай-ақ жаяу (бұдан әрі - ЖП), атты (бұдан әрі - АтП) және қызметтік итері бар патрульдер (бұдан әрі - ИП) қолданылады. Жол қозғалысының қауіпсіздігін (бұдан әрі - ЖКҚ) қамтамасыз ету үшін қозғалысты қадағалау жөніндегі (бұдан әрі - ҚҚП), тікұшақтағы (бұдан әрі - ТП) патрульдер пайдаланылады.

Автомобильдегі патруль экипажында кемінде 3 қызметкер болуы тиіс, ал

нарядтың басқа түрлерінде 2 патрульдік қызметкерден кем болмауы тиіс (атты және велосипедтегі патрульдер жұп жұппен қойылады).

Патрульге қызмет атқару үшін шекарасында көру мен естудің мүмкіндік шегінде патрульдің жүру жолының негізгі бағытына жалғасатын аумақ кіретін патрульдеу бағыты белгіленіп беріледі. Патрульдеу бағытының ені сол жердегі нақты жағдайларға қарай, учаскедегі жедел жағдай ескеріле отырып белгіленеді.

18. АП бағытының ұзындығы 6 шақырымнан, мотоциклдегі - 3 шқ, велосипедтегі - 2 шқ, жаяу - 1 шқ-нан аспауы тиіс.

Патрульдер үшін бағыт ұзындығы жедел жағдайға қарай ұлғайтылуы немесе кішірейтілуі (белгіленген мөлшерден 25 пайыздан аспайтындай болып) мүмкін.

19. Патрульдік топ (бұдан әрі - ПТ) - құрамы ПҚК-ның бірнеше патрульдерінен тұратын, бекітілген ПУ-де немесе бұқаралық шара өткізіліп жатқан аймақ, объект аумағында қызмет атқару үшін біріктірілген наряд.

ПТ-ның негізін радиостанциямен, айналма жарық түсіретін, дыбыс зорайтқыш қондырғылармен, арнайы дыбыс (сирена) белгісімен және өзге де техникалық құралдармен жарақталған АП құрайды.

Патрульдік учаскенің аға инспекторы ПТ-тың және АП-дің жетекшісі болып т а б ы л а д ы .

20. Поезда, кемеді, ұшақта және тағы басқаларында ере жүру наряды жолаушылар поезында, кемелерде ілесіп жүру бөлімшелерінен жолаушылары бар көлік құралдарының қозғалыс бағытында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында тағайындалады.

21. Күзет қосы-аумағында полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген қоғамдық тәртіпті, жол қозғалысы қауіпсіздігін, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін атқаратын орын немесе жер учаскесі.

Күзет қосы үшін оның орталығы мен шекаралары белгіленеді. Күзет қосының орталығы болып қадағалау жүргізу және құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу үшін неғұрлым тез арада шаралар қолдануға ең қолайлы жер а й қ ы н д а л а д ы .

Шекаралардың күзет қосы орталығынан алшақтығы 300 метрден аспау керек.

22. Бақылау-өткізу пунктінде (бұдан әрі - БӨП) полиция наряды белгілі бір ауданда (мекенде) бұқаралық шаралар өткізу кезінде, табиғи апаттар, техногендік апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар туындаған және басқа да жағдайларда өткізу режимін қамтамасыз ету немесе көлікпен жолаушылардың қозғалысын шектеу мақсатында қойылады.

Айрықша маңызды учаскелер мен бағыттардағы БӨП наряд жетекшісі болып

орта басшы құрамдағы адамдар тағайындалады.

23. Тосқауыл ПО (бөлімшесі) қызметкерлері тобының мекеменің белгілі бір учаскесін қоршау немесе жекелеген бағыттарды тосқауылдау жөніндегі наряды.

24. Қосалқы топ - ПО қызметкерлерінің патрульдер мен күзеттерді жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты кенеттен пайда болған міндеттерді шешуге не тамақтану, ауырып қалған кездері мен басқа да жағдайларда алмастыруға арналған наряды.

Қосалқы топтың құрамын, оны орналастыру және пайдалану тәртібін әрбір жеке жағдайда өздері бағынышты болатын бастық айқындайды.

## 2 тарау. ПАТРУЛЬДІК ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

### §1. Басқару негіздері

25. Патрульдік нарядтарды басқару - бұл қалалық, аудандық, желілік органдар басшыларының, бөлімше командирлерінің оларға жүктелген міндеттерге сәйкес полицияның кешенді күш-құралдарын ПО-ның жедел басқару орталықтары арқылы іске асыратын мақсатқа сай бағытталған қызметі.

Жедел басқару ПО-ның қызметін ұйымдастыру жүйесінде олардың қоғамдық тәртіпті сақтаумен және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен бүтіндей байланысты болатын міндеттерді орындауында негізгі нысан болып табылады.

ПО жедел басқаруының субъектілері: бөлімшелердің кезекшілері, қызметтер, қызметкерлер, сондай-ақ кезекші тәулік ішінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге қатыстырылған ПҚК болып табылады.

Басқаруда жедел жағдайды талдау, қолда бар күш-құралдарды ұтымды орналастыру, кешенді пайдалану, дер кезінде орын алмастыру, көшелер мен қоғамдық орындарда белсенді қызмет атқару, жағдай күрт күрделеніп кеткенде, ерекше жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде кенеттен туындайтын міндеттерді орындауға ұдайы даярлық негізінде іс-қимылдардың тиімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

26. Патрульдік нарядтарды басқаруға:

- 1) шешім әзірлеу және қабылдау;
- 2) күш-құралдарды, алға қойылған міндеттерді орындау үшін даярлау, нарядтарға нұсқау беру;
- 3) өзара іс-қимылдарды ұйымдастыру, бөлімшелермен және патрульдік нарядтармен ұдайы, тұрақты байланыста болу, дер кезінде ақпарат алмасуды

қ а м т а м с ы з

е т у ;

4) ПҚК-ны және олардың құралдарын орын алмастыру (маневр);

5) қызметті ұйымдастыру мен оның атқарылуын бақылау;

б) патрульдік топтар мен бөлімшелердің қызмет нәтижелерін есепке алу мен  
б а ғ а л а у к і р е д і .

27. Қалалық, аудандық, желілік органның бастығы, бөлімше командирі, патрульдік нарядтарды жеке өздері немесе орынбасарлары арқылы басқарады.

Олар қызмет көрсетілетін аумақтағы жедел жағдайды, бөлімшелердің жүктелген міндеттерді орындауға бағытталған даярлық ахуалын, олардың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін және жеке құрамның қажеттіктерін білуге, олардың қызметтік міндеттерін айқын да дұрыс орындауларында қол жеткізулерін талап етуге міндетті.

28. Астана, Алматы қалаларында, республика облыстарында, ірі қалалары мен аудандарында барлық күш-құралдарды жедел басқаруды, оның барлық деңгейдегі субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету мен басқаруды ұйымдастыру басты міндеті болып табылатын Жедел басқару орталықтары ( бұдан әрі - ЖБО) жүзеге асырады. Оның ЖБО патрульдік нарядтарды басқаруды, ғимараттардың, құрылыстардың, объектілердің күзетілуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз қамтамасыз етуді, адам көп жиналған жерлерде іс-шаралар жүргізуді , жол қозғалысын ұйымдастыруды ж.б. жүзеге асырады.

ЖБО функциясына қылмыстардың алдын алу мен оларды "кезекшілік тәулікте" ашу мақсатында қалыптасқан жедел жағдайға талдау жүргізу, басқарушылық шешімдер қабылдау, ПҚК-ның патрульдік нарядтарын жедел басқаруды қамтамасыз ету кіреді.

29. ЖБО бастығы (кезекші ) жалпы басшылықты, ЖБО қызметкерлері арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, ЖБО-ның кезекші тәулік ішіндегі қызметі үшін жекелей жауапты болады, өз құзыреті шегінде келіп түскен ақпарат бойынша іс-әрекет жасау жөнінде шешімдер қабылдайды, ақпаратты тексеріп, іске асыру жөніндегі қызметтерге тапсырма береді, жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ІІО-ның бастығына баяндайды.

Қалалық, аудандық, желілік органдардың бөлімшелерін және патрульдік нарядтарын қызмет атқару кезеңінде басқару қалалық, аудандық, желілік органдардың кезекшілеріне жүктеледі.

Қызмет атқарудың күшейтілген түрі жарияланғанда нарядтарды басқару арнайы құрылған штабқа жүктелуі мүмкін.

Патрульдік учаскенің шекараларындағы жедел басқаруды, сондай-ақ аға ПУИ да жүзеге асырады .

30. Орган бастығы, бөлімше командирі, жедел кезекші, аға ПУИ патрульдік нарядтарды басқару кезінде:

1) жағдайға қарай байланыс құралдарын пайдалану тәртібі мен олардың жұмыс режимін белгілеуі;

2) жеке құрамның жоғары қырағылығын тұрақтандыруы, өткізіліп жатқан іс-шараларды жария етпеу мақсатында арнайы шартты белгілерді, сөйлесу кестелері мен шарттарды пайдалануы;

3) байланыс құралдары бойынша сөйлесу ережелері мен тәртібінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуі;

4) байланыс құралдарын дұрыс сақталуын және берілуін, дер кезінде техникалық қараудан өткізіліп, жөндеулер ұйымдастыру арқылы оларды ұдайы, тұрақты байланыспен қамтамасыз етуі тиіс.

31. Бөлімшелер мен нарядтарды басқаруды қамтамасыз ету үшін радио, сымдық, жылжымалы, белгі беру, байланыс және теледидар құралдары қолданылады.

Радио - жылжымалы нарядтармен негізгі байланыс жасау құралы болып табылады.

Сымдық құралдар - қалалық және арнайы телефондар - радио байланысы жоқ нарядтармен байланыс жасау үшін пайдаланылады.

Жылжымалы байланыс құралдары басқа құралдар болмаған жағдайда жекелеген нұсқауларды дәлірек анықтау немесе қайталап айту үшін қолданылады. Жылжымалы байланыс құралдары ретінде көлік құралдары, сондай-ақ жаяу байланысшылар пайдаланылады.

Көру және дыбыс белгілерінің көмегімен байланыс жасау нарядтардың арасында тікелей бұйрықтар беру мен өзара іс-қимылды сақтау үшін ұйымдастырылады.

Теле-бейне қадағалау жүйесі қызмет көрсетілген аумақтың (объектілердің) аса маңызды учаскелерінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік жағдайын қадағалау және нарядтардың іс-әрекеттерін бақылау үшін қолданылады.

## \$2. Шешім қабылдау

### 32. Патрульдік қызметті ұйымдастыру үшін:

1) бір жылға - қоғамдық тәртіпті сақтауда полицияның күш құралдарын кешенді пайдалану жоспарымен (кейіннен қажеттілігіне қарай түзетулер енгізілетін);

2) бір айға (он күндікке) - жеке құрамды қызметте пайдалану жоспарымен (ПАМБ үшін);

3) өтіп жатқан тәулікте - күзет қосының ведомостысымен;

4) нақты міндетті орындауға - жазбаша бұйрықпен, арнайы жоспармен шешім қабылданып ресімделеді.

33. Қалалық, аудандық, желілік орган бастығының шешімдері жедел жағдайда жан-жақты талдау мен бағалау негізінде қабылданады.

Б ұ л о р а й д а :

1) қалалық, аудандық, көліктік учаскенің географиялық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, тұрғындар көші-қон мен басқа да демографиялық өзгерістер;

2) қоғамдық орындар мен көшелердегі қоғамдық тәртіп пен қылмыс жағдайы;

3) ПО қызметкерлерінің қызметте немесе одан да басқа бос уақыттарында болып жатқандығына қарамастан қоршаған ортадағы қалыптасушы жағдайды өзіндік қадағалаулары;

4) ПО-ның күш-құралдары, патрульдік нарядтардың қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жөніндегі жұмыс нәтижелері ескеріледі.

34. Жедел жағдайға талдау жүргізілгенде:

1) көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, гүлзарлар саны мен ерекшеліктері, өндірістік және агроөнеркәсіптік кешендері, жанар май құю стансалары (бұдан әрі - ЖМҚС), рұқсат беру жүйесі объектілері, банк мекемелері, темір жол стансалары, сапаржайлар, басқа өнеркәсіп, көлік объектілері, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, оқу орындары, ішкі істер органдарының арнайы мекемелері орналасқан жерлер мен олардың жұмыс істеу уақыты, жылдың, тұрғындардың тәуліктің әр түрлі мезгілі мен уақыттарындағы жүріс-тұрысы, метеорологиялық жағдайлар және т.б. туралы деректер;

2) көшелер мен басқа қоғамдық орындарда жасалушы қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылардың саны, ағымы мен құрылымы туралы мәліметтер;

3) қоғамдық тәртіпті сақтауға және қылмыспен күреске қатысушы ПҚК патрульдік нарядтарының жұмыс нәтижелері, сондай-ақ полиция бөлімшелері жеке құрамының қару-жарақпен, байланыс құралдарымен, патрульдік көлікпен, заттай үлеспен қамтамасыз етілу жағдайы туралы мәліметтер пайдаланылады.

35. Жедел жағдайды зерттеп танысқан кезде: статистикалық есеп беру, талдау материалдары, жедел және жұмыс карталары мен қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жағдайын көрсететін басқа да құжаттар (11 және 12-қосымшалар); жасалған қылмыстар мен қылмыскерлерді іздестіру жөніндегі бағдархаттар; ПО бөлімшелерінің қызметкерлерінен келіп түскен мәліметтер; патрульдік нарядтардың мәлімдемелері, көршілес ПО-ның, ІӘ бөлімдері мен бөлімшелерінің, ПМ, ПББ, ПБ, КІБ-ның ақпараттары; басқа да құқық қорғау органдарының материалдары; мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының лауазымды адамдарының, қоғамдық бірлестіктер мен құрылымдардың хабарламалары; азаматтардың арыздары мен жеке бағдарлау деректері; жарияланымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары ақпарат

көздері болып табылады.

36. Шешім қабылдамастан бұрын қалалық, аудандық, желілік орган бастығы қажетті жағдайларда аға ПУИ-ды, қарамағындағы және қосымша берілген бөлімше командирлерін қатыстыра отырып, тиісті орындарда есептік қарау (рекогносцировка) жүргізіледі. Оның барысында күш-құралдардың есебі мен жайластырылуы дәлірек айқындалып, күзет қостарының, патрульдеу бағыттарының орналастыруы, нарядтардың түрі мен құрамы, олардың қызмет атқару тәртібі мен ерекше міндеттері белгіленеді.

Рекогносцировка жүргізу ПҚК-ның жеке құрамын орналастыру жоспарын бұқаралық шаралар өткізу, табиғи, ірі өндірістік апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар кезінде, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуды залалсыздандыру мақсатында, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру үшін шешім әзірлегенде міндетті болып табылады.

37. Патрульдік қызметті ұйымдастыру шешімінде:

1) қалалық, аудандық, желілік органның қалыптасқан жедел жағдайдан туындайтын жалпы міндетті;

2) жеке құрам мен техникалық құралдарды бөліп шығарудың міндетті мөлшері;

3) патрульдік нарядтарды орналастыру;

4) нарядтардың міндеті;

5) нарядтардың қызмет атқару тәртібі мен ерекшеліктері, олардың өз ішінде, ПУИ-мен, ПО-ның басқа да қызметкерлерімен, қоғамдық құрылымдардың өкілдерімен өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру;

6) жағдай өзгергенде күш-құралдарды алмастыра көшіру мүмкіндіктері;

7) нарядтармен байланыста болу жүйесі, ақпарат табыс ету мерзімдері, берілетін белгілер мен шартты белгілер;

8) патрульдік қызметтің атқарылуын бақылау тәртібі;

9) ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделеді.

38. ПҚК-ның жеке құрамын орналастыру ПУ-дің шекаралары мен ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсетілетін аумақ шегінде (қаланың, ауданның, желілік учаскенің) әзірленеді және оған:

1) ауданның, қаланың, желілік учаскенің сызбасы;

2) жедел жағдайға баға беру, жеке құрамды бөліп шығарудың міндетті мөлшері, күзет қостары мен патрульдеу, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту кезеңінде және орын алмастыру жүзеге асырылғанда жабылуға жататын қосымша бағыттарының үлгілік тізбесі;

3) наряд түрлері, олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен араларындағы байланыс;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері, "Күзет" РМК-ның, ЖП бөлімшелері, ПБ-нің оқу орындары, сондай-ақ ПО-ның арнайы мекемелері орналасқан аудандарда олардың жеке құрамын патрульдеуге тарта отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру жатады.

39. Күзет қосы орталықтары мен шекаралары, патрульдердің бағыттары және аялдау пункттері, қызмет атқару ерекшеліктері, өзара іс-қимыл жасау мен өз араларындағы, сондай-ақ ПО-ның басқа да күштерімен, қоғамдық құрылымдармен байланыста болу тәртібі жедел жағдайға сәйкес белгіленеді және міндетті түрде сол жүйелерге шығып қараумен дәлелденеді.

40. Әрбір бағытта, күзет қосында қызмет атқару ерекшеліктері бағыт (күзет қосы) карточкасында (5-6-қосымшалар) айқындалып, онда:

1) патрульдеу бағыты, оның ара қашықтығы, шекаралары және күзет қосының орталығы;

2) қызмет атқару уақыты;

3) ерекше назар аударуды қажет ететін объектілер мен аймақтар;

4) бағыт бойынша қозғалу тәртібі мен күзет атқарудың негізгі тактикалық әдістері;

5) нарядтардың қылмыстар мен қоғамдық тәртіпті бұзу фактілерінің алдын алу және жолын кесу жөніндегі, сондай-ақ жедел жағдай қиындаған кездегі ерекше міндеттері;

6) көршілес нарядтармен, ПО-ның кезекші бөлімімен, ПУИ-мен, қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау және байланыс жүргізу тәртібі, сондай-ақ бұл учаскелердің радиобайланыс өтпейтін аймақтары көрсетіледі.

41. Бағыт (күзет қосы) карточкасы екі данада жасалып, оның біреуі кезекші бөлімде сақталады, екіншісі нарядға кірісер алдында беріледі.

42. Кезекші ауысым ішінде қызмет атқару бір немесе бірнеше бағытта (күзет қосында) жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл орайда патрульдеушіге тиісті карточкалар беріледі. Нұсқау берілгенде бір бағыттан (күзет қосынан) екіншісіне жүріп өтудің реттілігі мен тәртібі көрсетіледі.

Қосымша күзет қосын немесе патрульдеу бағытын қою қажеттілігі туындаған жағдайларда оларда қызмет атқару ерекшеліктері нұсқау беру барысында жарияланады және қызметтік кітапшаларында жазылады.

43. Наряд түрлері мен құрамы аумақтың ерекшеліктеріне және қалыптасқан жағдайға қарай белгіленеді.

Күзет қостары полиция қызметкерлерінің тәулік бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде үздіксіз қадағалау жүргізуін талап ететін орындарда қойылады.

Патрульдер патрульдік нарядтың көру шектерімен шектелген белгілі бір пункттерде ұдайы болуын қажет етпейтін жағдайларда пайдаланылады.



Күзет қостары мен бағыттарда қызмет атқару тек қана жұптасқан түрде жүзеге асырылады.

Қоғамдық құрылым өкілдерімен немесе әскери қызметшілермен бірлесіп қызмет атқарғанда наряд бір полицейлік және 2-3 қоғамдық құрылым өкілдері немесе әскери қызметшілер есебінен тағайындалады.

44. Нарядтарды шығару мен олардың қызметі атқару ұзақтығы тәуліктің аса шиеленісті сағаттарында және қылмыс жасалуы немесе қоғамдық тәртіп бұзылуы мүмкін орындарда нарядтар санын көбейте түсу есебімен белгіленеді.

45. Көшелер мен қоғамдық орындарда патрульдік қызмет атқару үшін наряд шығарудың, патрульдеу үшін автокөлік бөлудің тәуліктік мөлшері әрбір ішкі істер органында және полиция бөлімшелерінде күш құралдарды қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыспен күресте барынша пайдалану штаттық саны, сондай-ақ тәулігіне 8 сағаттан жабылатын бағыттар (күзет қостары) үшін жеке құрамның 1,89 бірлік құрайтын қажеттілік коэффициент ескеріле отырып айқындалады. Егер бағыттар (күзет постары) 8 сағаттан астам уақытқа жабылатын болса, коэффициент әрбір сағатқа 0,24 бірлікке ұлғайтылады.

46. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының бастықтары мен құрамын бөліп орналастыру негізінде, жедел жағдайдағы өзгерістерді ескере отырып, күн сайын сол тәулікте патрульдік қызмет ұйымдастыру үшін күш-құралдар есебін, нарядтарды ауысым бойынша бөліп ұйымдастыру, нұсқау беруші және қызмет атқарылуын бақылаушы адамдарды белгілеп шешім қабылдайды.

47. Полиция қызметкерін нарядқа тағайындау оның жеке бас ерекшеліктері: тұлғалық, моральдық, іскерлік қасиеттері, денсаулық жағдайы, жасы, жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ қандай да, бір бағытта, күзет қосында қызмет атқару шарттарына неғұрлым толығырақ сәйкес болатын басқа да деректер ескеріле отырып жүргізіледі.

Полицейлік бір патрульдік учаске шекарасында бір (екі) бағытқа (күзет қосына) бекітіледі және аса бір қажеттілік болмаса басқа ПУ-ге тағайындалмайды. Оқу жиындарында алғашқы дайындықтан өтпеген және ант қабылдамаған полицейліктерді өзіндік дербес түрде қызмет атқару үшін тағайындауға, қаруландыруға тыйым салынады.

48. Жедел жағдай күрт шиеленіскен, төтенше жағдайлар туындаған, бұқаралық шаралар өткізілген, шолғыншылық рейдтер мен операциялар жүргізілген көздерде нақты міндеттерді шешу үшін олардың маңыздылығы мен ауқымына қарай осы Ережелердің 50-тармағына сәйкес арнайы жоспарлар әзірленеді немесе бұйрықтар шығарылады.

### §3. Нарядтарды дайындау және оларға нұсқау беру

49. Патрульдік қызмет атқару үшін нарядқа тағайындалушы адамдар ПО-на арнайы белгіленген орынға нұсқау беру басталуына 15 минут қалғанда келеді. Олар келіп жеткендігі туралы өз командиріне баяндайды. Мысалы: "Лейтенант мырза! Сержант Әміров қызмет атқару үшін келіп тұр".

Нұсқау беру алдында полицейліктерге кезекші қажетті қару-жарақ, байланыс, жеке қорғану және арнайы құралдар мен қызметтік құжаттарын береді. Оларды алғандығы жөнінде полицейлік күзет қосы ведомосына қол қояды. Қаруды оқтау кезекшінің немесе командирдің қадағалауымен жабдықталған орында жүргізіледі

Кезекші немесе командир патрульдеу бағытын, күзет қосын жариялайды бағдархаттардың өзгертілгендігін хабарлайды, жасалған қылмыстар, іздестірілудегі адамдардың, ұрланған мүліктің ерекшеліктері туралы ақпаратпен, басқа хабарламалармен таныстырады; олардың қызметтік кітапшаларына (4-қосымша) жазылып алынуын бақылайды, осыдан соң нарядты

нұсқау беру үшін сапқа тұрғызып, әрбір полицейлікте болуға тиіс қару-жарақтың бар-жоғын тексереді және денсаулық жағдайын сұрап анықтайды

Кемшіліктер байқалған орайда оларды жою шараларын қолданып, нұсқау беруді

өткізуші адамға жеке құрамның қызмет атқаруға даярлығы туралы баяндайды.

50. Қызметке кірісуші патрульдік қызметкер маусым бойынша нысандық киімде, сырт пішіні үлгілік қалыпта және жарамды қару-жарағы болуы тиіс.

Өзімен бірге:

- 1) қызметтік куәлігі;
- 2) қызметтік кітапшасы;
- 3) бағыт, күзет қосының карточкасы;
- 4) табельдік қаруы (оқ толтырылған екі оқшантайларымен);
- 5) радиостанциялары;
- 6) қалталық электр жарық бергіші;
- 7) ысқырық;
- 8) қарындаш пен автоқалам;
- 9) қызметтік сумка мен планшет;
- 10) жеке пакеті (дәріқорап) болуы тиіс.

Орындайтын міндеттер сипатына қарай қосымша:

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың есепке алынған бланкілері;

электрмегафондар;

арнаулы телефон, темір жол вагонының есіктерін ашатын кілттер; жеке басын қорғау құралдары, арнаулы құралдар және басқа заттар беріледі.

Әскери нарядтар жеке құрамның нысандық киімі, қару-жарағы мен құрал-сайман бөлім командирімен әрбір тәулік үшін белгіленеді.

Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі ӘН-ға табельдік қару беру туралы шешімді сатылап баяндай отырып, жедел аға бастық - бөлім командирі қ а б ы л д а й д ы .

51. Күнделікті қызметке кірісер алдында нарядтарға нұсқау беруді ПО-ның басшылары мен командирлік құрам ПО-ның жедел және басқа қызметтерінің тәжірибелі қызметкерлерін қатыстыра отырып жүргізеді.

Нұсқау беру ұзақтығы 30 минуттан аспауға тиіс.

52. Нұсқау беруші нұсқауламаға дайындық кезінде кезекшідегі ақпаратты пайдалана отырып, қалыптасқан жедел жағдайды біліп алуға, нарядтардың өткен тәуліктегі іс-қимылдарын зерттеп, бағалауға, әрбір бағытта (күзет қосында) қызмет атқару міндеттерімен, тәртібімен және ерекшеліктерімен түпкілікті танысып, жедел жағдайды ескере отырып, полицейліктердің білімін тексеру үшін мәселелер бойынша әр түрлі жағдайда әрекет жасау тәсілдеріне үйрету үшін кіріспе сұрақтар белгілеп алуға міндетті.

53. Нұсқау беруді жүргізуші адам сап құрамына жақындағанда кезекші: " Наряд, тік тұр! Теңесу оң-ға (сол-ға)!" деп бұйрық береді де, нарядтың нұсқау беру үшін дайындығы туралы баяндайды.

Мысалы: "Подполковник мырза! Құрамы 10 адамнан тұратын наряд нұсқау беру үшін сапқа тұрғызылды. Бөлім бойынша кезекші лейтенант Ахметов".

Мәлімдеме қабылдаған соң, нұсқа беруші нарядқа "Сәлемет болыңыз, мырзалар!" деп сәлемдеседі. "Сәлемет болыңыз" деп жауап қайтарылады. Бұдан кейін нұсқау беруші "Еркін тұр!" деп бұйрық береді.

5 4 . Н ұ с қ а у б е р у ш і :

1) жеке құрамның қызмет атқаруға дайын екендігіне көз жеткізуге және анықталған кемшіліктердің жойылуына шара қолдануға;

2) патрульдік қызметкерлердің өз міндеттері мен құқықтарын, нормативтік актілердің жекелеген ережелері мен арнаулы құралдарды және қаруды, іздестірілуші қылмыскерлер мен ұрланған заттардың ерекшеліктерін қолдану тәртібін білетіндігін тексеруге;

3) өткен тәулікте қызмет атқарудың нәтижелерін жариялауға қажет болғанда кемшіліктері мен олқылықтарын жариялауға, патрульдік, күзет қосы қызметкерлерінің үлгілі іс-қимылдарынан мысал келтіруге;

4) жедел жағдайды түсіндіруге, әрбір наряд алдында қызмет атқарудың

барлық кезеңінде нақты міндеттер қойып, оларды орындау тәртібін белгілеуге;

5) полицейліктерге кіріспе сұрақтар шешуді, бұл орайда қызмет атқарудың (қадағалау жүргізу, қызметкерлерді аз ғана белгі-нышандары бойынша анықтау, топтасып қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесу, қарулы қызметкерлерді ұстау және т.б.) неғұрлым күрделі тактикалық әдістерін талдауды ұсынуға;

6) заңдылықты сақтау, сондай-ақ азаматтармен зейін қойып, ілтипатты қарым-қатынас жасау қажеттілігі туралы полицейліктердің есіне;

7) нарядтарды ауыстыру, байланыс пен өзара іс-қимыл жасау тәртіптерін түсіндіруге тиіс.

Күнделікті нұсқау беруді өткізу кезекшінің, қызметке кірісу жөнінде бұйрық берумен аяқталады. Мысал: "Наряд тік тұр!" Республика астанасы - Астана қаласында қоғамдық тәртіпті сақтауға кірісуді бұйырамын. Қызмет атқару барысында заңдылық қатаң сақталсын, азаматтармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік, әділеттілік пен кішіпейілдік көрсетілсін. Оңға (солға), бағыттар мен күзет қостарына қадам бас!".

55. Аудандық ішкі істер бөлімдері мен аудандарға бөлінбейтін қалалардың қалалық, аудандық ішкі істер басқармаларында (бұдан әрі - ҚАІБ) күн сайын, ал әкімшілік аудандық бөліністегі қалалардың айына бір рет ПҚК-ның барлық патрульдік нарядтардың бірлескен нұсқауламалары өткізіледі.

Бірлескен нұсқау берудің дайындығы мен өткізілуін ұйымдастыру жұмыстары ПО-ның қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бөлімшелеріне жүктеледі.

Жалпы сап тұрғызылған соң, басшылық құрам нарядтардың сырт пішіні мен қару-жарағын тексереді. Нұсқау беруші бастық (басшы):

өткен кезең ішіндегі қызмет атқару нәтижелерін қорытындылайды, көзге түскен қызметкерлерді марапаттау туралы бұйрықтар оқиды, патрульдік қызмет атқарудағы кемшіліктер мен олқылықтарды атап көрсетеді;

қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын наряд пен бөлімшелердің өзара

іс-қимыл жасау нәтижелерін талдайды;

жедел жағдай туралы хабардар етеді;

4) қоғамдық тәртіпті сақтау, мемлекеттік және басқа да құрылым объектілерін күзету, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыспен күрес жөніндегі міндеттерді жариялайды.

Нұсқау беру қызметке кірісу жөнінде бұйрық берумен және салтанатты жүріп өтумен аяқталады.

Бірлескен нұсқау берудің ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірлескен нұсқау беруге қатысушы нарядтар үшін басқа нұсқау берулер жүргізілмейді.

#### §4. Өзара іс-қимыл жасау мен орын алмастыруды (маневр) ұйымдастыру

56. Алға қойылған міндеттерді орындаудың басты шарты нарядтар мен бөлімшелердің ПО-ның басқа қызметкерлерімен, көшелер мен қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіп сақтауға қатысушы қосымша берілген күштермен және қоғам жұртшылығымен өзара іс-қимылын үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Өзара іс-қимылды ұйымдастыру әр түрлі қызмет бөлімшелері мен қосымша берілген күштердің орны және уақыты бойынша келісілуімен ұштасады.

57. Өзара іс-қимыл жасаудың негізгі түрлері:

- 1) оперативтік жағдайды бірлесе зерттеп-білу және бағалау;
- 2) келісілген жұмыс жоспарларын әзірлеу;
- 3) әрбір бөлімшеге немесе патрульдік нарядқа жалпы және нақты міндеттер қ о ю ;
- 4) қалыптасқан жағдай туралы байланыс жасау және өзара ақпарат беру ж ү й е с і т ә р т і б і н а н ы қ т а у ;
- 5) бірлескен үйлестіру, оның ішінде бірыңғай нарядтар құрамында қызмет өткеру іс-шараларын жүзеге асыру;
- 6) күнделікті міндеттерді орындау кезінде және төтенше жағдайлар қалыптасқан кезде патрульдік нарядтарды қатыстыра өзара көмек көрсету;
- 7) бірлесіп жұмыс қорытындысын шығару.

58. Полицияның саптық бөлімшелері қолбасшылығының өзі соның жедел қарамағында болатын ПО-ы жетекшілігімен өзара іс-қимылдар ақпаратымен алмасу, жедел жағдайды бірлесіп талдау, жедел кеңестерге өзара іс-қимыл жасайтын тараптар өкілдерінің қатысуы, сонымен қатар барлық нарядтардың келісілген іс-қимылдар тәртібі және қызмет өткеруде өзара көмек көрсету ар қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

59. Шиеленіскен жедел жағдай қалыптасқан жерлерде патрульдік қызмет күш-құралдарын ұйымдасқан түрде және дер кезінде шоғырландыру үшін орын алмастыру (маневр) қолданылады.

Жедел жағдай ахуалына байланысты орын алмастыру ауысым, кезекші тәулік ағымында немесе одан да ұзақ уақытта жүзеге асырылуы мүмкін.

ПББ, ПБ, КПБ-ның жетекшілері орын алмастыруды күш-құралдар арқылы тиісті облыс, қала, темір жол көлемінде жүзеге асырады, қажет болғанда, патрульдік қызметті ішкі істер органдары бөлімшелері мен мекемелерінің қызметкерлерін қосымша бөлу есебінен күшейтеді. ПАМБ патрульдік қызметінің күшейтілуі осы Ережелердің 24-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының бастықтары мен жедел кезекшілері орын алмастыруды шиеленісті жедел жағдай қалыптасқан қалада немесе ауданда, жекелеген учаскелерде, көлік магистральдарында күш-құралдар арқылы жүзеге асырады.

60. Орын алмастыруды жүзеге асыру жөніндегі шешімде:

- 1) орын алмастырудың мақсаты және оның міндеттері;
- 2) бөлініп берілген нарядтардың саны және олардың көрсетілген ауданда қызмет өткерілетін уақыт ағымының кезеңі;
- 3) патрульдеу бағыттары мен күзет орындарындағы қызметтің басталу және аяқталу уақыты;
- 4) нарядтарды басқару және қызмет өткеруді бақылау тәртібі;
- 5) орын алмастырудың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі көрсетіледі. Орын алмастыру кезінде нарядтардың орын ауыстыруы жөнінде күзет орны ведомосына жазылады.

61. Бір ауданда белгілі бір уақыт ағымында полицияның саптық бөлімшелері нарядтарының шоғырлану қажеттілігі пайда болғанда олар нұсқау беруден кейін немесе басқа бір белгіленген уақытта көрсетілген ауданға жіберіледі және сол жерде осы уақыт ағымында қызмет атқарады. Содан соң оларға бекітіліп берілген бағыттарға қайтады.

62. Жедел жағдайдың күрт шиеленіскен немесе төтенше жағдай қалыптасқан кездерде орын алмастырулар арнайы жоспар бойынша күш-құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Патрульдік қызмет өткеру кезеңінде жедел шаралар қолдану үшін: аудандарға бөлінетін қала аумағында - КІІБ-ІІБ кезекшісінің нұсқаумен; қалалық аудан немесе қызмет көрсетілетін учаске аумағында - ІІББ-ІІБ-КІІБ-ның кезекшісіне жедел баяндалатын қалалық, аудандық, желілік орган кезекшісінің өкімімен; аудандарға бөлінбейтін қала аумағында - орган бастығына жедел баяндалатын қалалық ішкі істер органы кезекшісінің өкімімен; патрульдік учаске аумағында - кезекшіге жедел баяндалатын аға ПУИ өкімімен нарядтардың орналасуына қажетті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### \$5. Патрульдік қызметті ұйымдастыру мен өткеруге бақылау жасау

63. Патрульдік қызметті ұйымдастыру мен өткеруге бақылау жасау қызметтік міндеттерді орындаудағы жеке құрамның қызмет өткеру тәртібін нығайтудың, жауапкершілігін жоғарлатудың құралы болып табылады.

64. Патрульдік қызметті ұйымдастыру мен өткеруді тексеру кезінде:

- 1) қабылданған шешімдер мен қалыптасқан жағдайға сәйкес жеке құрамның

және техникалық құралдардың дұрыс орналастыруы және қолданылуы;

2) нарядтар үшін өткізілетін нұсқау берудің сапасы;

3) нарядтардың нақты және жедел басқарылуы, оларға жедел жағдайдың өзгерістері туралы ақпараттарды уақытында жеткізіліп отырылуы;

4) нарядтардың қызмет өткеру сапасы, қылмыспен және қоғамдық тәртіп бұзушылықпен күрес белсенділігі;

5) нарядтардың, ішкі істер органдарының басқа қызметтері мен бөлімшелерінің және қоғамдық құрылымдардың арасындағы өзара іс-қимылдардың қамтамасыз етілуі;

6) нарядтардың заңдылық пен тәртіпті сақтауы;

7) қызметтік құжаттардың дұрыс жазылуы мен жүргізілуі анықталады.

65. Сонымен қатар, патрульдік нарядтарды тексеруге құқық беретін нұсқамен көрсету арқылы тура бастықтың уәкілдеген адамдары тексере алады.

Нұсқамен кімге, қандай нарядтарды тексеру үшін, қай мерзімге берілгені көрсетіледі.

66. ПМ-ПББ-ПБ-КПБ-ның қалалық, аудандық, желілік органдардың жетекшілері сонымен қатар олардың тапсырысы бойынша басқа адамдар ПАМБ-ның ӘН қызметін тексеруді осы бөлімдердің, бөлімшелердің командирлерімен, олардың орынбасарларымен, ӘН бойынша кезекшілермен бірлесе отырып жүзеге асырады.

67. Нарядтардың қызмет өткеруін тексеру жариялы және жариясыз түрде болуы мүмкін.

68. Егер патрульші тексеру үшін келген адамдарды танымаса, олардың қызметтік куәліктерін, ал осы Ережелердің 66-тармағында көрсетілген адамдардан сонымен қатар тексеруге құқық беретін жазбаша нұсқаманы талап етеді.

69. Патрульші тексерушіге өзін таныстырады. Мысалы, "Лейтенант мырза! патрульдік полицейлік сержант Карпов".

Тексерушілер саны екі немесе одан да көп болған жағдайда полицейлік патрульдік (күзетші) лауазымы жоғары, ал лауазымдары бірдей болса, атағы жоғары адамға өзін таныс етеді.

Тексерушінің талап етуі бойынша аға патрульдік бағыт (күзет орны) аумағындағы жағдай туралы баяндайды және оның сұрақтарына жауап береді.

Бағытта (күзет орнында) наряд болмаған жағдайда тексеруші тез арада оның себебін айқындап, өзі немесе кезекші арқылы нарядтың орналасқан жерін анықтауға міндетті.

70. Қызмет өткеруді қайғылы оқиғалар мен өзге де қажетсіз салдарларға әкеліп соғуы мүмкін патрульдіктің қаруын тартып алуға оқталу, құқық бұзушылық жасаған болу жолымен және басқа да тәсілдер арқылы тексеруге

т ы й ы м

с а л ы н а д ы .

71. Тексеруші тексеру нәтижелері туралы тексеруді белгілеген бастыққа мәлімдемемен баяндайды.

72. Тексеруші патрульдік қызметті ұйымдастыру мен өткеру кезінде орын алған кемшіліктерді жою шараларын сол жерде қолдануға міндетті.

Ережелер талаптарын өрескел бұзғаны үшін одан әрі кезекшіге хабарлау арқылы полиция наряды бағытынан адам оны бағытынан (күзет орнынан) алуы мүмкін.

Алынған нарядтың бағытында (күзет орнында) қызмет өткеру патрульдік учаскенің аға инспекторының ЖПТ-на жүктеледі.

73. Тексеруші патрульдік қызметті тексерудің нәтижелері жөнінде қызметтік кітапшада және күзет орны ведомосына белгі қояды. Бұл мәліметтер нұсқау беруді өткізу мен полицейліктердің жұмысын бағалауда пайдаланылады.

#### §6. Жұмыс нәтижелерін есепке алу және бағалау

74. Нарядтардың жұмыс нәтижелерін есепке алу қызмет өткерілетін аумақтағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің нақты жағдайын анықтау, қызмет өткеру сапасын бағалау, жеке құрамның алдына қойылған міндеттерді орындаудағы дербес жауапкершілігін тәрбиелеу мақсатында жүргізіледі.

75. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы патрульдік нарядтардың жұмыс нәтижесі қалалық, аудандық, желілік органдарда күнделікті өсу қорытындысы (2-қосымша) бойынша есептеліп, ай сайын әрбір қызмет бойынша жеке-жеке және тоқсан сайын жалпы ПББ-ПБ-КПБ бойынша шығарылады.

76. ӘН-дың қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрестегі қызмет нәтижелері ПО бойынша кезекшінің қолы қойылатын күзет орны ведомосына (2-қосымша) жазылады.

77. ПО-ның, полиция бөлімшесінің, нарядының патрульдік қызмет өткеруін ұйымдастыру деңгейі мен жеке құрамның жұмыс нәтижелерінің қорытындысы бойынша бағаланады.

78. Жеке құрамның жұмыс нәтижелері қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде көшелерді және қоғамдық орындарда қылмысты ескерту, оның жолын кесу, оны ашудағы нақты үлесі бойынша, сонымен қатар республика, облыс қалалары мен аудандарындағы, патрульдік учаскедегі, патрульдердің бағыттарындағы, күзет орындарындағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің, қылмыстың (ең алдымен көшелер мен қоғамдық орындарда) нақты жағдайы бойынша бағаланады.

Полицейліктің жұмысын бағалауда полицияның басқа нарядтармен, қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимылдар жасау жағдайы ескеріледі.



Полицейліктердің жұмыс нәтижелері жеке есебінде (7-қосымша) белгіленеді.

Полицейліктердің жұмысын тек ПО-на жеткізілген және әкімшілік құқық бұзушылық үшін айып салынған адамдар саны бойынша бағалауға тыйым салынады.

### \$7. Курорттық, саяжай аудандары мен бұқаралық демалу аймақтарында патрульдік қызмет ұйымдастыру ерекшеліктері

79. Курорттық, саяжай аудандары мен бұқаралық демалу аймақтарындағы патрульдік қызмет негізгі және қосалқы күштер арқылы ұйымдастырылады және ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Курорттық, саяжай аудандары мен бұқаралық демалу аймақтарын, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыспен күрестегі өткен жылдардың тәжірибелерін, сондай-ақ қоғамдық құрылымдар күштері мен қимыл-әрекеттерінің қажеттілігін о л а р д ы ң ө з д е р і а н ы қ т а й д ы .

8 0 . М ы н а л а р :

1) нарядтардың санын көбейту есебінен қоғамдық тәртіпті күшейтілген түрде с а қ т а у ғ а к ө ш у ;

2) патрульдік нарядтарды уақытша орналастыру пунктерін құру;

3) бұқаралық демалу аймақтарына аса тәжірибелі полицейліктерді бекіту;

4) қоғамдық тәртіпті сақтауға республика ІІМ оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын, қоғамдық мүшелерін қатыстыру курорттық, саяжай аудандары мен бұқаралық демалу аймақтарында патрульдік қызмет ұйымдастырудың негізгі түрлері болып табылады.

81. Нарядтарды орналастыруда санаторлық-курорттық мекемелерге, жаға-жайларға, су стансаларына, жолаушылар көлігі аялдамаларына, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына және азаматтар көп жиналатын басқа орындарға сондай-ақ оларға апаратын негізгі магистралдар мен жолдардағы көлік және жаяу адамдар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл б ө л і н е д і .

Кешкі және түнгі уақыттарда курорттық және саяжай поселкелерін, сондай-ақ бұқаралық демалу аймақтарын қалааралық және қала маңындағы қатынас стансаларымен біріктіретін орман алқаптары мен жолдарға нарядтар орналастыру көзделеді.

\$8. Теміржол, су және әуе көліктерінде патрульдік қызмет ұйымдастыру ерекшеліктері

82. Теміржол,су және әуе көліктері объектілеріндегі патрульдік қызмет осы Ережелердің талаптары ескеріле отырып ұйымдастырылады.

Стансалардағы, вокзалдардағы, платформалардағы, кемежайлардағы, әуежайлардағы, теңіз және өзен порттарындағы, кемелердегі патрульдік қызметті желілік ішкі істер бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы ПО полициясының қатардағы және кіші басшылық құрамының кемінде 75% қатыстыру арқылы, поездар, кемелер мен ұшақтардың жолаушылар мен жүк тасымалдау, қозғалыс жиілігін, сондай-ақ қалыптасқан оперативтік жағдайды ескере отырып ұйымдастырады. Жұмыс тәртібін желілік ПО-ның бастығы белгілейді.

### 8 3 . М ы н а л а р :

1) алдын ала әзірленген бағыт бойынша жолаушылар жиналған орындарды, парктерді, вагондарды және т.б. аралап өту арқылы сапаржай, әуежай залдарын, теңіз бен өзен перрондарын, стансаларды патрульдеу;

2) поездар мен кемелерді қарсы алу және жөнелту кездерінде сапаржай залдарындағы, перрондардағы, билет кассалары мен қол жүктерін сақтау камералары жанындағы күзет орындары;

3) аялдама пункттеріндегі (отырғызу платформаларында, кемежайларда, айлақтарда және т.б.) күзет орындары мен патрульдік қызмет;

4) поездар мен кемелерге нарядтардың ере жүруі;

5) көлік қызметкерлерін, қоғамдық құрылымдарды қатыстыра отырып, поездар, ұшақтар мен кемелерді жөнелту кезінде отырғызу топтарының жұмыстарына қатысу жолаушылар тасымалдау саласындағы патрульдік қызметті ұйымдастырудың негізгі түрлері болып табылады.

84. Жекелеген стансаларда, аялдау пункттерінде көліктегі желілік ішкі істер бөлімдерінің (бөлімшелерінің) бастықтары шұғыл жағдайларға тәуелді, барынша дайын, өзіндік жұмыс атқаруға қабілетті қызметкерлер тағайындалатын полицейлік күзет орындарын анықтай алады.

85. Поездарда, ұшақтарда кемелерде қоғамдық тәртіпті сақтауды ере жүретін нарядтар камтамасыз етеді. Наряд құрамын көліктегі ПО-ның бастығы және арасынан жетекші тағайындалатын кемінде екі қызметкерді анықтайды. Қажет болғанда нарядты офицер басқарады.

86. Егіс дақылдарын жинауға және басқа да жұмыстарға, жекелеген мәдени-бұқаралық шараларға бара жатқан адамдар бар поездарға, арнайы поездарға (кемелерге), туристік поездарға (кемелерге) ере жүру үшін полицияның, оның ішінде аумақтық ПО-ның жеке құрамынан күшейтілген наряд б ө л і н е д і .

Жұп патрульдердің кешкі және түнгі уақытта қала маңындағы поездарға жөнелту пунктінен белгіленген пунктке дейін ере жүру арқылы міндетті түрде

п а т р у л ь д е у

к ө з д е л е д і .

Нарядтың жұмысы желілік ішкі істер бөлімінің (бөлімшесінің) басшылығы әзірлеген кесте бойынша жүзеге асырылады. Онда мыналар көрсетілуі тиіс: ере жүру көзделген поездар (кемелер) тізбесі, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, отырғызу уақыты мен орны. Нарядтың киім кию үлгісін, қарулануы мен арнайы құралдармен жабдықталуын желілік ПО-ның бастығы анықтайды.

Міндеттерін орындауда наряд поездың (кеменің), поезд бригадасының (кеме командасының, экипаждың) жүріп өту бағытындағы желілік және аумақтық ПО-мен, қоғамдық құрылымдардың мүшелерімен өзара іс-қимылдар жасайды.

87. Жолдардың жекелеген учаскелерінде, әсіресе ірі қалалар мен маңызды теміржол тораптары іргелерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды және қылмыспен күресті күшейту үшін полиция тосқауылы қойылады.

88. Арнайы поездардың (кемелердің) жүріп өту кездерінде көлік объектілеріндегі патрульдік қызмет тиісті көліктегі ПО және ұлттық қауіпсіздік органдары бастықтарының бірлесіп әзірлеген ерекше жоспарлары бойынша ұйымдастырылады.

### 3 тарау. ПАТРУЛЬДІК ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ

#### §1. Нарядтардың қызмет атқару тәртібі

89. Қызметке кірісу кезінде патрульдік наряд:

1) қойылған міндетті;

2) жедел жағдай мен бағыт (күзет орны) ерекшеліктерін;

3) аға ПУИ радиостанциясының шартты номері белгісін және жақын жердегі патрульдік нарядтардың, ӘН-дың орналасқан жері мен олардың бағыттарын, полиция және қоғамдық құрылымдардың ПУП;

4) кезекші нарядтармен, аға ПУИ-мен байланыс жасау тәртібін;

5) іздестірілудегі қылмыскерлердің, ұрланған заттардың, оның ішінде айдап кеткен автокөлік құралдарының белгілерін;

6) құқық бұзушылықтардың жасалу, қылмыскерлердің, басқа да құқық бұзушылар мен қоғамға жат өмір салтын ұстанған адамдардың пайда болуы мүмкін орындарды;

7) әкімшілік қадағалауында тұрған адамдарды және оларға белгіленген шектеулерді;

8) күзет орны (бағыт) аудандарындағы байланыс бөлімшелерінің, банк мекемелерінің және басқа да бағалы заттар қоймасының орналасқан жерлерін;

9) бағыт (күзет орны) аудандарында орналасқан саябақтар, гүлзарлар, бақшалар, стадиондар, асханалар, шайханалар, шатханалар, сыраханалар мен

дәмханалар және мейрамханалар, дискотекалар, бейнесалондар, театрлар, қонақ үйлері, базарлар, сапаржайлар, кемежайлар мен басқа бұқаралық орындарды;

10) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың тұру немесе мекендеу орындарын ;

11) ірі өндіріс кәсіпорындары, мекемелері орналасқан аудандағы көлік жұмысының басталу және аяқталу уақытын, сонымен қатар сауда және ойын-сауық кәсіпорындарының жұмыс тәртібі мен олардың инкассация уақытын ;

12) мемлекеттік билік пен басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік өртке қарсы сақтық күзетінің, қоғамдық құрылымдардың, басқа да ұйымдардың мекемелері, кәсіпорындары, штабтары, жақын жердегі ауруханалардың, емханалардың, дәріханалардың, есірткі заттарын сақтау орындарының, сонымен қатар олардың күзету-өртке қарсы сақтық белгілері хабарландыруларының орналасқан жерін;

13) трамвай, автобус және троллейбус бағыттарын, олардың жақын жердегі аялдамалары, метро стансаларын, автомобильдер мен такси тұрақтарын;

14) қылмыскерлердің ізіне түскен кезде бағытқа жалғасып жатқан көшелерді, тар көшелерді, алаңдарды, өтпелі аулаларды және қысқа уақытта жүріп өтудің басқа да жолдарын білуі тиіс.

90. Кезекке кірісуші наряд қызмет атқаратын орынға келіп жеткен соң, патрульдеу бағытының нақты жағдайларына байланысты және нұсқау беру кезінде алынған нұсқауларға сәйкес кезекшіге өзінің келіп жеткендігі туралы және қызмет атқару ауданындағы жағдайды баяндайды немесе бұны бағытты аралап шыққан соң жасайды .

91. Қызмет жағдайларына байланысты нарядтардың ауысуы бағыттағы алдын ала белгіленген жерде жүргізілуі мүмкін.

Кезекке кірісуші наряд ауыстырылушыға өзін таныстырады. Мысалы: " Старшина мырза! Старшина Ахметов пен сержант Сергеев құраған наряд ауысуға келіп тұр " .

Ауыстырылушы наряд кірісушіге қызмет атқару кезінде орын алған оқиғалар жайында және келіп түскен өкімдер туралы хабарлайды. Қажет болған жағдайда олар бірлесе отырып, бағытты, күзет орны аумағын аралап шығады.

Бағытты (күзет орны) қабылдау-тапсыру туралы қабылдап алушы тапсырушының қызметтік кітапшасына жазба жасайды және кезекшіге баяндайды .

92. Ауысым белгіленген уақытта келіп жетпеген жағдайда патрульдік наряд ол туралы телефон, радио немесе басқа да тәсілдер арқылы аға ПУИ-ға баяндайды және тек қана оның рұқсаты бойынша бағытты (күзет орны) тастап кетеді алады .

93. Наряд бағытта (күзет орнында) белгіленген уақыт ішінде тапжылмай қызмет атқаруға міндетті.

Ол бағытты (күзет орнын) тек қана қызметтік мақсатта:

1) қалалық, аудандық, желілік орган бастығының, оның орынбасарларының, аға ПУИ-дың нұсқауы немесе рұқсаты бойынша;

2) қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру, қылмыстарды ескерту немесе жолын кесу қажет болған жағдайда;

3) жасырынушы қылмыскерлердің ізіне түсу үшін;

4) құқық бұзушыларды ПО жеткізу үшін;

5) азаматтарды шабуылдан қорғау қажет болған жағдайда;

6) оқиғалар, стихиялық апаттар, сәтсіз оқиғалар кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету үшін, сонымен қатар кенеттен ауырған немесе көшелер мен қоғамдық орындарда дәрменсіз күйде қалған адамдарды жақын жердегі ауруханаға, емханаға, дәріханаға жеткізу үшін;

7) өртті сөндіру шараларын қолдану үшін;

8) оқиға болған орынды қорғау үшін;

9) қадағалаусыз немесе адасып кеткен балаларды қалалық, аудандық, желілік органның кезекші бөліміне, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерге, ата-аналарына немесе оларды ауыстырушы адамдарға жеткізу үшін;

10) жедел медициналық жәрдем алу, тамақтану және белгіленген тәртіпте жылыну үшін;

11) көрші нарядтарға ПО, ұлттық қауіпсіздік, басқада құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, сонымен қатар азаматтарға осы тармақта аталған жағдайларда жәрдем көрсету үшін уақытша тастап кетуі мүмкін.

Бағытты (күзет орнын) тастап кету туралы наряд телефон, радио немесе басқа да тәсілдер арқылы ПО бойынша кезекші мен аға ПУИ-ға баяндайды.

94. Нарядқа қызмет атқару кезінде:

1) тура және тікелей бастықтарынан басқа кез келген біреуге өз қаруын табыс етуі мен ұсынуға;

2) ұйықтауға, назарын қызметтен басқа жаққа аударуға және қырағылығын әлсіретуге;

3) қызметке қатысы жоқ мәселелер бойынша әңгімелерге араласуға;

4) радиоалмасу тәртібін бұзуға, телефон арқылы қызметті емес сөйлесулер жүргізуге;

5) қызмет қажеттілігінсіз тұрғын үйлерге, асханаларға, дүкендерге, клубтарға, мейрамханаларға және басқа үй-жайларға кіруге;

6) осы Ережелердің 136-тармағында көрсетілген жайттардан басқа

жағдайларда бағытты (күзет орнын) тастап кетуге тыйым салынады.

95. Өзара іс-қимыл немесе көршілес нарядтардан, ПО басқа да қызметкерлерінен көмек алу үшін патрульші тікелей радиобайланысты пайдаланады немесе олармен аға ПУИ немесе ПО бойынша кезекші арқылы байланысады. Радиобайланысты пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда, сонымен қатар көмек қажет болғанда ысқырықпен:

"Ұстандар" деген бір ұзақ белгі;

"Маған көмекке келіңдер" деген екі қысқа белгі береді.

Қажет болған жағдайларда белгілер қайталанады.

96. Патрульші (күзетші) белгіні естіген кезде:

1) "Ұстандар" деген белгі берілгенде - назарын күшейтуге және ізіне түсуден бой тасаламақ болған адамдарды тауып алуға және ұстауға;

2) "Маған көмекке келіңдер" деген белгі берілген кезде - бір қысқа белгі арқылы жауап қайтаруға және көмек көрсетуге шақырған жерге тез арада жетуге м і н д е т т і .

97. Патрульші (күзетші) дербес адам болып табылады. Патрульшінің (күзетшінің) дербестігі оның құқықтары мен жеке абыройының заң жүзінде қ о рғ а л у ы н а н т ұ р а д ы .

Ол қалалық, аудандық, желілік орган бастығына, қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығына, бөлім, бөлімше командиріне және олардың орынбасарларына, аға ПУИ-ға, кезекші мен оның көмекшісіне бағынышты болады. Тек қана осы адамдар оған қоғамдық тәртіпті (объектілерді қорғауды) қамтамасыз етуде қандай да бір іс-қимылдар жүргізу туралы нұсқаулар беруге, оны бағыттан (күзет орнынан) алып тастауға немесе қызмет атқару орындарын өзгертуге құқылы. Патрульшіге (күзетшіге) нұсқау беруші немесе оны күзет орнынан алып тастаушы адамдар ол туралы қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекшіге тез арада хабарлауға міндетті. Қызмет атқару уақытында патрульші (күзетші) тәртіптік жазаларға тартылмайды.

98. Патрульшінің (күзетшінің) бағыты (күзет орны) аумағы бойынша қозғалыстар жасау тәртібі нарядтың алдына қойылған міндеттер, бағыты (күзет орны) ерекшеліктерінен қалыптасқан жағдайдан, жыл, тәулік мезгілінен және аға бастықтардың нұсқауларынан шыға отырып анықталады.

Қос жаяу патрульдік полицейліктер қажет болғанда жеке-жеке, бірақ көру немесе есту шегінде қызмет атқарады. Олардың арасындағы байланыс үзілмеу үшін шартты белгілер айқындалады.

99. Қызмет атқару кезінде патрульдік нарядтар бағыттардағы, күзет орындарындағы және жанасып жатқан аумақтардағы мынадай жағдайды:

1) көшелердің, тұйық көшелердің, тұйық жолдардың, өтпелі аулалардың орналасуы мен ерекшеліктерін, гүлзарлар, бақшалар және басқа да объектілердің

ж о с п а р л а н у ы н ;

2) қылмыскерлердің және басқа да қоғамға жат элементтердің жасырынуы мүмкін болатын орындарды ;

3) ізіне түсуден адастыру үшін қылмыскердің пайдалануы мүмкін болатын жолдары және оларды ұстап алу тәсілдерін білулері керек.

Осының негізінде қызмет атқарудың мақсатқа мейлінше сәйкес келетін тактикасы жасалады және құқық бұзушылықтарды ескерту мен олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады.

100. Бағытта (күзет орнында) қызмет атқару орны бақылау жүргізуде және құқық бұзушылықты ескерту мен оның жолын кесуге тез арада шаралар қолдануға қолайлы болуын ескере отырып, жағдайда байланысты таңдап алынады .

Патрульдік қызмет атқару кезінде нарядтар:

1) айналымда болатын материалдық бағалы заттар сақталатын объектілер: банк мекемелері, дүкендер, қоймалар, базалар және т.б. маңында жиі көрінетін азаматтарға; терезелер, есіктер, бекітпелер, қоршаулар жағдайына, жұмыс тәртібі мен күзеттің ұйымдастырылуына ынта танытушы азаматтарға;

2) күдік туғызатын сақтық пен алаңдаушылық танытушы, бойы мен дене бітіміне сәйкес келмейтін немесе маусымға лайық емес киім киген, сондай-ақ жарақаты мен танғышы бар адамдарға;

3) конфликтілі жағдай туғызуы мүмкін жөнсіз іс-қимылдарға жол бермей, гүлзарларда, аулаларда, үйлердің кіре берістерінде және басқа да орындарда жиналған азаматтарға, әсіресе жастарға;

4) құқық бұзушылардың кезге түсуі мүмкін орындарға;

5) спирттік ішімдіктердің, басқа да заттар мен бұйымдардың заңсыз сатылуы мүмкін болатын орындарға ;

6) ЖҚЕ-нің бұзылуына жол беретін азаматтарға;

7) қауіпті жерлерде ойнайтын балаларға;

8) бағалы заттар сақталатын дүкендер мен басқа да мекемелердің есік, сөре мен терезелерінің жағдайларына ;

9) күдікті шу мен иістерге, оттың немесе түтіннің көрінуіне басты назар аударады .

101. Қызмет атқару кезінде патрульдік нарядтар қырағырлық танытып, кенеттен шабуыл жасау мүмкіндіктерін жоятын сақтық шараларын:

1) түнгі уақытта, үйлер мен басқа да ғимараттардан бірқатар қашықтықтардағы аумақтарда жаяу тәртіппен жүріп-тұруды, азаматтарға қатысты мүмкіндігінше қажетті ара қашықтықты ұстануды және өзінің артында ешкімді қалдырмауды ;

2) қараңғы түскеннен кейін адамға, әдетте, жарық түсіп тұрған жақтан

ж а қ ы н д а у д ы ;

3) артынан адам жақындаған кезде бір жаққа қарай ештеп барып тоқтауды, оны өткізіп жіберуді немесе қозғалыс бағытын өзгертіп, жақындап келе жатқан адамға қарсы жүруді қолданулары тиіс.

## §2. Патрульдердің патрульдік қызметті автомобильдерде, мотоциклдерде және катерлерде атқару ерекшеліктері

102. Патрульдік автомобильдер мен мотоциклдер бағыттары бойынша патрульдеу, қылмыс жасағаны және қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін ұстаған адамдарды ПО жеткізу, ал айырықша жағдайларда, арнайы көлік болмағанда жәрдемсіз қалған азаматтарды медициналық мекемелерге, сондай-ақ қоғамдық орындарда орта және ауыр дәрежеде мас болған адамдарды медициналық айықтырғыштарға жеткізу үшін қолданылады.

Патрульдік автомобильдер мен мотоциклдер радиостанция және басқа да қажетті техникалық құралдармен жабдықталып, сондай-ақ белгіленген түсті-графикалық сызбаға сәйкес боялуы керек.

103. Патрульдік қызмет автомобильдері мен мотоциклдерінде ПО-ның ПАМБ, "Күзет" РМК-ның, ЖП, ПО-ның медициналық айықтырғыштары мен қабылдау-орналастыру орындарының патрульдік нарядтары ұдайы тұратын жері, құжаттары жоқ адамдарды жеткізу үшін қолданылады.

104. АП (мотоциклде) қозғалыс жасау тәртібі олардың міндеттеріне, бағыт ерекшеліктеріне, қалыптасқан жағдайда, жыл мезгілі, тәулік және аға басшылардың нұсқауларына сәйкес анықталады. Оперативтік жағынан аса күрделі орындарда аялдама пункттері белгіленіп, әрбір пунктте жаяу қызмет атқару міндеттері, уақыты және ұзақтығы, сондай-ақ бір пункттен екіншісіне орын ауыстыру тәртібі, кезекші бөліммен байланысқа шығу уақыты анықталады. Бұл деректер патрульдің бағыт карточкасына жазылады.

105. Автомобильдегі (мотоциклдегі, катердегі) нарядтың аға қызметкері белгіленген тәртіп бойынша қызмет атқару мен анықталған міндеттердің, тапсырылған қару мен техниканы сақтау және пайдаланудың, тасымалданушы адамдарды отырғызу мен түсіру тәртіптерін сақтау ережелерінің бұлжытпай орындалуына жауапты болады. Ол патрульдеу үшін белгіленген қозғалыс жылдамдығының сақталуын қадағалап отыруға міндетті.

Нұсқау беру аяқталған соң, нарядтың аға қызметкері наряд міндеттері мен олардың машинада орналасу тәртібін қайта анықтайды, әрқайсысына бақылау секторларын белгілейді, қызмет атқару орнына барып жету бағытын, бір пункттен екіншісіне орын ауыстыру тәртібін жариялайды, радиостанция арқылы аға ПУИ, кезекшіге бағытқа шығуы туралы баяндайды және қозғалуға команда



б е р е д і .

106. Патруль жол бойына бақылау жүргізіп отырады, қажет болғанда қоғамдық тәртіптің бұзылуын тоқтату немесе қылмыстың жолын кесу шараларын қолдану үшін аялдайды. Белгіленген бағытқа келіп жеткен соң, қоғамдық тәртіп жағдайын тексереді және құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу шараларын қолданады.

Бағытта аялдау кезінде нарядтың аға қызметкері жаяу патрульдеуді ұйымдастырады. Белгіленген тәртіп бойынша, патрульдік машина жанына жүргізуші-полицейлік қалады. Ол қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді және кезекші мен нарядтың аға қызметкерімен радиобайланыста болады.

Нарядтың жеке құрамын жинау үшін шартты белгі тағайындалады.

107. Радиостанциялармен жабдықталған автомобильдер мен мотоциклдердегі нарядтар аялдама пункттерінде кемінде 30 минут қызмет атқарады. Бұл жерде олардың құрамынан бөлініп шығатын жаяу патрульдер машинадан 300 метр қашықтыққа дейін алыстайды.

108. Автомобильдегі (мотоциклдегі, катердегі) наряд аға ПУИ, патрульдік учаскенің аға инспекторымен және жаяу патрульдермен (күзет орындарымен) өзара іс-қимылдар жасайды, жедел ақпараттар алмасып, қажет болғанда оларға көмек көрсетеді.

109. Автомобильдер мен мотоциклдердегі нарядтар (ЖП-дан басқа) патрульдеу және бір пункттен екіншісіне орын ауыстыру кезінде машинадан бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін, бірақ 40 км/сағ-тан аспайтын жылдамдықпен қозғалады.

Дайындалып немесе жасалып жатқан қылмыс туралы ақпарат келіп түскен кезде ЖҚК-не нұқсан келтірмейтін, жарық беретін маяк пен дыбыс сиренасын қосу арқылы 40 км/сағ-тан асатын қозғалыс жылдамдығына рұқсат етіледі.

110. Аялдау кезінде автомотопатрульдің жеке құрамы жергілікті жердің айрықша криминогенді және қылмыс жасалу немесе қоғамдық тәртіптің бұзылу жағдайлары мүмкін болатын учаскелерде жаяу патрульдеуді жүзеге асырады, олардың алдын алу мен жолын кесу шараларын қолданады.

111. Патрульшілер жеткізушілерді автомобильге отырғызу кезінде бұл адамдардың тарапынан азаматтар мен ПО қызметкерін жарақаттау, оларға шабуыл жасау және материалдық зиян келтіру мүмкіндіктерін жоятын сақтық шараларын қолданулары; автомобиль есіктерінің құлыптары мен бекітпелерін және олардың мықтап жабылуын тексерулері керек. Мотоциклдің қорабына отырғызып жеткізу айрықша жағдайларда рұқсат етіледі, бұл ретте ұсталғандардың қозғалыс кезінде қораптап секіріп кетпеуін немесе мотоциклді басқаруға кедергі жасамауын бақылау қажет.

Жеткізілгендерді автомобильден шығарған (мотоциклден түсірген) соң,

наряд тастап кеткен заттары мен құжаттарын тауып алу мақсатында кузовты (қорапты) қарауы керек.

112. Автомобильдегі (мотоциклдегі, катердегі) патрульшілерге қызмет атқару кезінде:

1) бөгде адамдар мен жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ автомобильді (мотоциклді, катерді) қараусыз қалдыруға;

2) радио арқылы келіссөздер жүргізу және құқық бұзушыларды бой ұсындырудан басқа жағдайларда, аялдама пункттерінде тұрған уақыттарда автомобиль ішінде болуға;

3) егер оны қызметтік қажеттілік талап етпеген жағдайда, өз еркімен белгіленген бағыттан бас тартуға және қызмет атқару тәртібін өзгертуге;

4) автомобиль (мотоцикл, катер) басқаруды кімге де болсын тапсыруға;

5) ұсталғандарды автомобиль (мотоцикл, катер) ішінде қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

§3. Қызметтік иттерді пайдалана отырып,  
патрульдік қызмет атқарудың ерекшеліктері

113. Қызметтік иттер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі патрульдік қызметтегі бағыттар мен күзет орындарында, негізінен кешкі және түнгі уақыттарды, орманды, саябақты аймақтарда, қалалардың, басқа да елді мекендердің шет жақтарында, қараңғы көшелер мен осындай нарядтардың болуын талап ететін басқа да органдарда пайдаланды.

114. Қызметтік ит:

1) қылмыскерді ұстауда қылмыскер белсенді (оның ішінде қарулы) қарсылық көрсеткен жағдайда немесе қылмыс жасаған орыннан жасырынбақшы болғанда;

2) күзетілген объектіге, сонымен қатар онда қылмыскердің табылған кезінде;

3) азаматтарды, егер де оларды өзге тәсілдермен қорғау мүмкін болмаған жағдайда, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл жасаулардан қорғауда;

4) полиция қызметкеріне, ПО-ның айдауылдық немесе патрульдік нарядтарына шабуыл жасалғанда қолданылады.

Иттерді патрульдеу кезінде бөгде адамдарға тапсыруға және оларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

115. Қызметтік ит ПО бастығының бұйрығы бойынша кинолог полицейлікке бекітіліп беріледі.

Арнайы дайындықтан өтпеген ПО-ның қызметкерлері кинолог-полицейлік лауазымдарына тағайындалмайды.

116. Иттерді патрульдеуден сырқаттануларына байланысты босатуға ветеринар дәрігердің немесе фельдшердің жазбаша анықтамалары негізінде рұқсат беріледі.

117. Қызметтік иттер ПО жанындағы бірлескен питомниктерде, жеке вольерлерде, сондай-ақ кинолог-полицейліктің тұрғылықты жері бойынша ұсталады.

Қызметтік иттерді қызмет атқару орындары мен кері қарай тасымалдау арнайы немесе патрульдік автокөлікпен жүзеге асырылады.

Қоғамдық көлікпен (бұған рұқсат берілген жерде) тасымалдау кезінде, қысқа қарғы бау және тұмсық тор тағылған ит, кинолог-полицейліктің сол жақ жанында болуы керек.

Кинолог-полицейліктің қызметтік итті ертіп, қызмет атқару орнына және кері қарай, адамдар көп жиналған көшелермен, алаңдармен, саябақтармен жаяу жүріп өту кезінде қысқа қарғы бау мен тұмсық тор тағылған ит оның сол жақ жанында болуы керек.

118. Ауаның температурасы +30 градустан жоғары немесе -20 градустан төмен болған жағдайда иттердің даладағы жұмыс ұзақтығы 4 сағаттан аспауы керек.

119. Қызметтік итті ерткен кинолог-полицейліктің автмотопатруль, сондай-ақ жедел топ құрамына кіргізілген кезінде қызметтік иттерді басқару тәртібі мен қолдану ережелері жөнінде қызметкерлерге нұсқау беру өткізіледі.

120. Патрульдеу кезінде қысқа қарғы бау мен тұмсық тор тағылған ит сол жақ жанында болуы керек.

Наряд құқық бұзушылық әсіресе жиі орын алатын жерлерде аялдамалар жасап, қызметтік иттерді пайдалану арқылы бұл орындарды қарап шығады, сонымен бірге мемлекеттік құрылым объектілерінің сақталуын тексереді.

Жертөлелерді, тұрғын емес жайларды, бос қалған жерлерді және басқа да объектілерді байқау кезінде полицейлік-кинолог қылмыскер(лер) анықталған уақытта және оларды тұтқындау мақсатында, осы Ережелердің 165-тармағына сәйкес, иттің қарғы бауы мен тұмсық торын шешіп жібере алады, ал өзі шабуыл жасау жағдайларынан сақтану шараларын қолданады.

121. Құжаттарын тексеру және құқық бұзушылардан жауап алу кездерінде кинолог-полицейлік, тексерілушілерге (жауап алынушыға) қатысты, осы Ережелердің 198-тармағында көрсетілген күйде болады, ал тұмсық торынсыз, қысқа, қарғы бау тағылған ит, "Отыр!" әмірі бойынша, тексерілушінің (жауап алушының) қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ара қашықтықта болады.

Ұсталғандарды ішкі істер органдарына жеткізу осы Ережелердің 199-201

тармақтарында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады, ал тұмсық торынсыз, қысқа қарғы бау тағылған ит кинолог-полицейліктің сол жақ жанында болады. Ұсталғанға жеке тінту жүргізу кезінде "Қолыңды көтер!" деген әмір беріледі. Ит тінту кезінде "Күзет!" деген әмірі бойынша тұмсық торынсыз ұсталғаннан 2-3 метр жерде болады.

Құқық бұзушыны жаяу жеткізу кезінде ит ерткен полицейлік-кинолог ұсталғанның соңынан, оны қадағалау арқылы, 3 метрдей ара қашықтықта жүріп отырады, бұл жағдайда, полицейлік-кинолог, ит және ұсталғанның аралықтарында жасақтың басқа қызметкерлері болмаулары керек. "Жанымда жүр!", "Күзет!" деген әмір бойынша, тұмсық торынсыз, қысқа қарғы бау тағылған ит сол жағында жүріп отырады.

Автомобиль және басқа көлік құралдарымен жеткізу кезінде ит ерткен кинолог-полицейлік ұсталғанды қадағалап отыруға және ұсталғанның қашып кетуге немесе айдауылға шабуыл жасауға әрекеттенген жағдайында тез арада итті қолдану мүмкіндігі болатын қолайлы орынға орналасады.

Итті босатып жіберуден бұрын полиция қызметкері: "Тоқта! (Шық!) Ит жіберемін!" деп айқайлауға міндетті.

Итті қылмыскерді ұстау үшін жіберерден бұрын полиция қызметкері иттің басқа адамдарға залал келтірмейтініне көз жеткізуге міндетті.

Егер де полиция қызметкері мен қылмыскердің арасында адамдар болатын болса, итті қылмыскерді ұстау үшін жіберуге болмайды. Ұстау үшін ит тұмсық торсыз және қарғыбауынсыз жіберіледі. Аса қауіпті және қарулы қылмыскерлерді ұстау кезінде атыстан қорықпайтын, жақсы тәсілді меңгерген, әдетте жыныстары әртүрлі бірнеше дайындалған иттер қолданылады. Иттен айырылып қалмау үшін оны қылмыскерлерді ұстауға егер де олар жасырынып, атыс жүргізіліп жатқан болса, олардың алдыңғы жағынан жіберуге болмайды. Бұл жағдайда атыс бағытын өзгертіп, итті артқы жағынан немесе жанынан жіберуі керек не қылмыскердің шегінуін күту керек.

Қылмыскерді ұстау кезінде оны ұстап алып, қарусыздандыру үшін патрульші оның қулықтарын алдын ала біліп, тез және батыл қимылдауы тиіс.

122. Итті қолданған патрульші ұсталғанды иттің тістеп алған жағдайында оған алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге міндетті. Бұл кезде ит ұсталғаннан "Күзет!" деген команда бойынша 2-3 метр жерде болуы тиіс. Құқық бұзушыларды ұстау үшін ит қолданылған барлық жағдайлар туралы патрульші қашан, қайда, кімге қарсы, қандай жағдайда қолданылғанын және оның нәтижелерін көрсете отырып рапорт арқылы баяндауға міндетті.

123. Иттерді екіқабат әйелдерге, қасында балалары бар азаматтарға, тәртіп бұзушылықтары әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға әкеліп соғатын

қоғамдық тәртіпті бұзушыларға, әкімшілік тәртіпте қамауға алынғандарға қарсы қолдауға тыйым салынады.

#### \$4. Патрульдік қызметті аттарға мініп атқару ерекшеліктері

124. ПО-ның патрульдік қызмет бөлімшелерінде аттар табиғат жағдайларына байланысты автокөлік құралдарын қолдану қиынға соғатын және мүмкін емес, дәлірек айтқанда: курорттық, саяжай аудандары мен азаматтардың бұқаралық дем алу аймақтары учаскелерінде, күзгі және көктемгі жолсыздықта, сондай-ақ қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар жүргізілу кездерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

125. Аттарды құқық тәртібін сақтау қызметіне дайындау:

1) аттарды күту мен оларды пайдалануда иесіздікке жол бермеу үшін ПО бастығының бұйрығы бойынша әр жануар нақты полицейлікке бекітіліп беріледі;

2) қызметке кірісу алдында аттарды қарап шығады, тағаларының мықтылығы және қысқы мезгілде олардың бұдырлары болуы тексеріледі, ат денсаулығының жалпы күйі анықталады; қызметке шығарардан 1,5-2 сағат бұрын бөлімше командирінің бақылауымен аттары тазалау және тамақтандыру керек, ал ат жабдықтары қаралып, олар жұмыс қалпына келтіріледі; жарамсыз ат жабдықтарын пайдалана отырып, атқа мініп қозғалыс жасауға жол берілмейді; нарядқа шығардан 30 минут бұрын аттар ерттеледі және бөлімше командирі олардың дұрыс ерттелуі мен қызмет атқаруға дайындығын тексеру үшін аттар байланатын немесе басқа белгіленген орындарға шығарылады;

3) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару кезінде патрульдік нарядтар осы Ережелердің 65-бабына сәйкес жабдықталуы керек және бұйрық келіп түскен соң қызмет атқару; ауданына қарай жылжыйды; 15-20 минуттық қозғалыстан кейін (жағдайға байланысты) бірінші аялдама жасалып, бұл жерде аттың ерттелуі және тағалану күйі тексеріледі; одан кейінгі аялдмалар нарядтың аға қызметкерінің шешімі бойынша, бірақ қозғалыстың әр 1,5 сағаттық уақытынан асырмай жасалады;

4) қызмет атқару кезінде атты наряд негізінен аяндап отырып, бақылау жүргізуге тиімді бір пункттен екіншісіне орын ауыстырады. Патрульдіктер бір-бірінен нарядтың іс-қимылдарының келісімді жүргізілуін қамтамасыз ететін ара-қашықтықта қозғалады; кезекті пунктке жеткен соң наряд жалғасып жатқан жерлерді қарап шығады және бұл жерлерде құқық тәртібін бұзушылар болмаған жағдайда сапар желісі бойынша қозғалысын жалғастырады; қысқа ара қашықтықтарға ол желе жорта отырып орын ауыстырады; нарядтың аға

қызметкері аттан түсіп, жаяу және аттарды жетелеп жүруге (әсіресе тік құламалар, ұзақ өрлер мен батпақты учаскелерде) дер кезінде әмір береді; қызмет атқарудағы аялдау уақытында атты патрульге аттарды байлап қоюға, олардың ауыздықтарын ағытуға (аттың ауызынан оның ауыздығын ағытып алу) және тамақтандыруға рұқсат етілмейді; бұл ережеден ауытқу бақылау жүргізуші күзет орындары үшін жасалады; ұзақ қызмет атқару (7 сағаттан астам) және ұзақ ара-қашықтықтарға орын ауыстыру кездерінде атты патруль бағыт карточкаларында көрсетілген пункттерде аялдамалар жасайды; бұл жерде күзетілген учаскеге бақылау жасауды үзбей және қырағылықты әлсіретіп алмай отырып, аттарды тамақтандыруға рұқсат беріледі;

5) қолайсыз ауа-райында ұзақ аялдамалар жасау кезінде тез арада салқындауды болдырмау үшін мүмкіндік бойынша аттарды табиғи бекіністерге орналастыру немесе оларды жамылғы көрпелермен жабу керек; ыстық күндері қызмет атқару кездерінде жануарлардың ысып кетуін болдырмау үшін аялдамалар, тәртіп бойынша, күннің көзінен қорғалған орындарда жасалып (тал көлеңкелері, т.б.), ал аттарға су беріледі, бұдан кейін біраз уақыт қозғалыс тек аяндап және желе жорта отырып жалғасады;

6) бірнеше атты нарядтың қоғамдық тәртіп бұзылған жерге шұғыл шығуы қарқынды желіспен жүргізіледі; қозғалысты аяңмен бастап, одан кейін желе жортуға көшіп, содан соң ғана аттарды біртіндеп шоқыраққа ауыстыру ұсынылады; құқық бұзушылардың ізіне түсу аяқталған соң, тыныс алуы қалпына келтіргенше аттарды жетелеп отырып, аяңмен жүргізу керек;

7) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтен қайтқан кезде атты патруль бөлімшелері орналасқан жерге 1,5-2 шақырым қалғанда аяңға ауысады (егер де оған дейін желе жортып отырса), ал базаға дейін 70-100 метр қалған кезде аттан түсіп, тартпаларын босатып, аттың арқасындағы ер-тоқымды қозғап қойып, үзеңгісін тартады және одан әрі оларды жетелеп отырады; қаруын оқсыздандырып, міндеттерін орындау жөнінде баяндаған соң, жасақтың жеке құрамы қаруларын, оқтарын, жабдықтарын бөлімше бойынша кезекшіге тапсырады, аттарды ат қораға кіргізіп, жүгенін шешіп, нокталайды, ер-тоқымын алып, аттың барлық денесін, әсіресе арқасы мен аяқ-қолдарын қайыспен ысқылайды; содан соң тұяқтарын тазалап, тағаларын қарайды; аттардың алдына шөп салып (600-700г.), ауа-райы суық болған жағдайда оларды жамылғы көрпелермен жабады. 40-50 минут уақыт өткеннен кейін аттарды суарып, тазалау керек, астауына тәулігіне берілетін құнарландырылған жемнің 1/3 бөлігін салып, оны тауысып жеп алған соң, тағы да алдына шөп қойылады.

126. Атты патруль жұмысының ерекшеліктері:

1) атты патрульдер құқық тәртібін қоғамдық тәртіпті бұзушы, алкогольдік мас күйдегі, азаматтардың жеке басына қарсы қылмыстық озбырлық жасаушы

адамдарды анықтау мақсатында белгіленген сапар желістері бойынша орын ауыстыру арқылы қамтамасыз етеді; патрульдің аумақ(бағыт) бойынша қозғалу тәртібі міндеттерінен, бағыттарының ерекшеліктерінен, жыл, тәулік мезгілдерінен және жоғары басшылар нұсқауларынан шыға отырып анықталады; оперативтік жағынан аса күрделі жерлерде аялдама пункттері, әр пунктте болу уақыты мен ұзақтығы, сондай-ақ бір пункттен екіншісіне орын ауыстыру тәртібі, кезекші бөліммен байланысқа шығу уақыты анықталады; бұл деректер бағыт картосында көрсетіледі;

2) АтП аға қызметкері қызмет атқару тәртібі мен қойылған міндеттері, қару, байланыс құралдарын сақтау және аттарды пайдалану ережелерін бұлжытпай орындау үшін, ұсталған адамдарды айдап алып жүру тәртібін сақтау үшін жауапкершілік атқарады; ол патрульдеу үшін белгіленген қозғалыс жылдамдығының сақталуын қадағалауға міндетті;

3) нұсқау беруден кейін патрульдің аға қызметкері міндеттер мен қозғалыс тәртібін анықтайды, әр патрульдіктің бақылау секторын тағайындайды, қызмет атқару орнына апаратын сапар желісін, бір пункттен екіншісіне орын ауыстыру тәртібін хабарлайды, радиостанция арқылы кезекшіге бағытқа шығуы жайлы баяндайды және қозғалысты бастау жөнінде әмір береді;

4) жүріп өту жолында және белгіленген бағытқа келіп жеткен соң, патруль бақылау жүргізеді және қажет болған жағдайда қылмыс жасалуы мүмкін болатын жерлерде, олардың жолын кесу мен қоғамдық тәртіптің бұзылуын тоқтату шараларын қолдану үшін аялдамалар жасайды; бағыттағы патрульдеу кемінде екі аттының күшімен жүзеге асырылады; нарядтың жеке құрамын жинау үшін шартты белгі анықталады;

5) АтП жаяу нарядтармен бірлесе отырып, өзара іс-қимылдар атқарады (күш-құралдарды кешенді пайдалану жоспарында көрсетілген жерлерде), жедел ақпаратпен алмасады, қажет болған жағдайда оларға көмек көрсетеді. Дайындалып жатқан немесе жасалып жатқан қылмыс жөнінде мәлімет келіп түскен кезде ПА оқиға орнына жедел келіп жетеді;

6) Қылмыс жасады деген күдік туғызатын, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдарды ұстау кезінде патрульшілер аттарға тікелей жақын жерде тұрған азаматтардың жарақат алуына жол бермейтін сақтық шараларын қолданулары керек; ұстауды жүзеге асыру үшін атты патрульші атынан түсіп, шылбырын оның атына ие болып, әрі жағдайды бақылап тұратын қосшысына береді, содан соң ұсталғанды автомобильдің келіп тоқтауына қолайлы ашық жерге жаяу тәртіпте алып шығады; ұсталғанды ПО кезекші бөліміне жеткізу үшін радиобайланыс арқылы кезекші автомашина немесе автопатруль шақырылады;

7) қоғамдық тәртіпті бұзушылар мен қылмыс жасауда күдікті адамдар

тарапынан патрульдіктерге мойын ұсынбау немесе қарсылық көрсету жағдайында жасақ радиобайланыс арқылы көмек шақырады және осы Ережелердің талаптарына сәйкес арнайы құралдары мен табельдік қаруын қолданады; олардың қаша жөнелуі кезінде АтП күшімен іздеріне түсу және азаматтар қауіпсіздігінің барынша қамтамасыз етілуін ескере отырып ұстау ұйымдастырылады;

8) бұқаралық тәртіпсіздік және топтасқан бұзақылық жолдарын кесу үшін АтП көшелер мен тар көшелерді жабу, тобырды бұзып жару және ұйымдастырушылар мен тәртіпсіздікке белсене қатысушыларды ұстау жөніндегі міндеттер атқаратын патрульдік нарядтарға қосылады және тек жоғары бастықтың нұсқауы бойынша ғана қолданылады;

9) АтП қызмет атқару орындарына жедел жеткізу мақсатында арнайы жабдықталған жүк (жүк) тасымалдайтын автомобильдер пайдаланылады.

127. Атты патрульге қызмет атқару уақытында:

1) құқық бұзушылық жасаған адамдарды БР бұйымдарымен немесе басқа да құралдар көмегімен ат сайманына қосуға;

2) ұсталушы адамды алып шығу мақсатында бұқаралық демалу орындарында азаматтарды атпен басып өту тактикасын қолдануға;

3) азаматтардың көптеп жиналған орындарында ат үстінде тұрып табельдік қару немесе ПР-73 бұйымын қолдануға;

4) егер мұны қызметтік қажеттілік талап етпейтін болса, белгіленген бағыт шегінен шығуға;

5) егер мұны қызметтік қажеттілік талап етпейтін болса, тағайындалған бағыттан өз еркімен ауытқып кетуге және қызмет атқару тәртібін өзгеруге;

6) қызметтік мақсаттан тыс пайдалану үшін бекітіліп берілген атын кімге де болсын беруге;

7) атқа тікелей жақын жердегі ұсталған адамдарды назарынан тыс қалдыруға тыйым салынады.

128. Аттарды қарау кезіндегі қауіпсіздік шаралары:

1) қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін барлық келісті аттар, сондай-ақ айғырлар оңаша орналастырылуы керек; ат қорада ұсталу кезінде - өжіреде, ал ат қоры маңында және жорық кездерінде - желі қазықта;

2) әр патрульдік өзінің соңынан бекітіліп берілген ат мінезінің ерекшеліктерін білуі және осыған сәйкес оны ұстай білуі керек; ат қораға кірген кезде ең алдымен оның атын айтып дыбыстау керек; атқа сол жақ жанынан жақындау керек; аттан алыстау кезінде (егер ол ат қорада болса), қауіпсіздік мақсатында аттың артқы жағы аттыдан неғұрлым қашық болуына назар аудару қажет; егер жатқан атты көтеру қажет болған жағдайда оның атын дыбыстап айтып, өзіне біртіндеп және ақырын тұруына мүмкіндік беру керек;



3) тазарту үшін атқа қысқа шідер салынады; тазарту кезінде абайлық танытып, аттың денесін ақырын сипап, оның лақап атын айту керек;

4) ерттелген атты ат қорадан шығару кезінде оны байланған орнынан артқа қарай, яғни ат қораның өтпе дәлізіне шығарып, ондағыларды: "Абайла, шығарамын!" деп алдын ала ескертеді;

5) атты ертіп жүру кезінде салт атты адам аттың мойын ортасының сол жағында орналасады. Ол оң қолымен аттың иегі тұсындағы шылбырын, ал сол қолымен шылбырдың шетінен ұстайды. Атты ертіп жүру кезінде оң қолымен оны оқтын-оқтын алға жіберіп, ал тоқтаған кезде тежеп отырады; барлық жағдайларда атқа басын төмен түсіруге мүмкіндік берілмейді; наряд сапқа тұрған кезде әрбір салт атты; ат денесінің артқы жағы көршілес салт аттының тұрған жағына бұрылмайтындай етіп өз атын орналастырады;

6) атты нарядтардың жаяу жүруі кезінде салт аттыларға аттарын белбауларына байлауға жол берілмейді; аттарды олардың жабдықтары жарамсыз болғанда, олар босатылып қойылған кезде таулы аймақтарда, сондай-ақ сазды немесе қара топырақты жерлердегі атмосфералық жауын-шашынның едәуір саны бар учаскелерде және қысқы уақытта пайдалануға тыйым салынады.

## §5. Патрульдердің азаматтармен қарым-қатынасы

129. Патрульші ілтипатты, әдепті, сыпайы болуы керек, азаматтармен "Сіз" деп сөйлесіп, өзінің талаптары мен ескертулерін дәлелді түрде жеткізуі тиіс. Оның іс-әрекеттері әрқашан заңды және азаматтарға түсінікті болуы керек.

Патрульші азаматпен сөйлесерден бұрын қолын бас киіміне апарып, онымен амандасуы керек, оған өзінің лауазымын, атағы мен тегін атап, содан кейін оған көңіл аударуының қысқаша себебі мен мақсатын түсіндіреді.

Мысалы: "Сәлеметсіз бе? Әуезов ішкі істер бөлімінің патрульдік полицейлігі, аға сержант Қасымов. Азамат, Сіз сағат 23-тен кейін магнитофонды бар дауысына қосып, өз іс-әрекеттеріңізбен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі кодексінің К010155\_ 333-бабының, яғни "Түнгі уақытта тыныштықты бұзу" деген талаптарды бұздыңыз".

Патрульші, сондай-ақ оған азаматтар арыздаған кезде қолын бас киіміне апарып амандасуға міндетті, содан кейін оларды мұқият тыңдап алып, олардың арыздары мен хабарламалары бойынша шаралар қолдануы, ал қажет болғанда бұл мәселені шешу үшін қайда барғаны жөн болатынын түсіндіруі тиіс.

130. Лауазымды адамдардың және азаматтардың талаптары бойынша патрульші өзінің тегін, жұмыс орнын айтып, қызметтік куәлігін көрсетуге м і н д е т т і .

131. Азаматтармен сөйлескен кезде:

- 1) менмендікке, дәрекілікке, менсінбеушілікке;
  - 2) ескертулерді кексін және әдепсіз түрде айтуға;
  - 3) адамгершілік ар-намысын қорлайтын сөздер айтуға және сөзін бөлуге;
  - 4) қорқытуға, ақыл айтуға, жазықсыз кінә тағуға;
  - 5) ж а з ы қ с ы з а й ы п т а у ғ а ;
- б) қорқытатын және қорлайтын ымдау мен белгі беруге жол берілмейді.

Полиция қызметкерлері азаматтармен сөйлескенде сабырлық, төзімділік пен парасаттылық көрсетуге міндетті. Олар керісу мен дауласуға, ұстамдылығын жоғалтуға, дәрекілікке дәрекілікпен жауап қайтаруға және өз іс-әрекеттерінде жеке жағымсыз сезімдерді басшылыққа алуға жол бермеулері керек.

Тәртіп бұзушы жасалған ескертулерге ашумен жауап қайтарса, оған сабасына түсуге уақыт беріп, оның іс-әрекеттерінің дұрыс еместігі жөнінде түсіндіру керек. Тек қана содан кейін хаттама толтыру, тәртіп бұзушыны ішкі істер органына жеткізу немесе ескерту жасаумен шектелу мүмкіндігі туралы шешім қабылдауы тиіс. Қасында балалары бар тәртіп бұзушыларға ескертуді мүмкіндігінше балалар естімейтіндей етіп жасаған жөн.

132. Патрульдік нарядтар азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген, қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа жол берілген немесе біреулер полицияның көмегін қажет еткен жағдайларды қоспағанда жеке (тұрмыстық) сипаттағы дауларға араласпайды.

133. Патрульдік нарядтар үлкендермен қалай болса жасөспірімдермен де әдепті түрде сөйлесулері керек. Балаларға ескерту жасау олардың психологиялары мен даму деңгейі ескеріле отырып жасалады.

134. Тексерілетін азаматтардың құжаттарына мұқият болған жөн, оларға әлдебір белгілер соғуға болмайды; егер құжаттың арасында ақша, хат және т.б. салынған болса, онда иесіне аталған заттарды оның өзіне алуды ұсыну қажет; құжаттарды тексеру, әдетте, үшінші бір (мүдделі емес) адамның қатысуымен жүзеге асырылады, оның деректері мен тұрғылықты мекен-жайы жазылып алын ады.

Қолдан жасалғаны айқын көрініп тұрған құжаттар ұсынған немесе оны заңсыз түрде иеленген адамдар ПО-ға жеткізіледі.

135. Республика аумағында жүрген шетел азаматтары жасаған құқық бұзушылығы үшін Қазақстан Республикасы заңына сәйкес жауап береді.

Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын азаматтарға бұл қолданылмайды. Олардың жауапкершілігі туралы мәселе белгіленген тәртіпте шешіледі.

Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарға дипломатиялық паспорттары, дипломатиялық, консулдық, қызмет карточкалары мен қызмет куәліктері бар адамдар жатады, оларға мұндай артықшылықтар көзделген.

136. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құжаттарын

тексергенде патрульші шетел паспортының, ықтиярхаттың тіркелу орны мен қолдану мерзіміне, олардың құжаттарында (визада, шақыру туралы куәлікте, ықтиярхатта) осы елді мекенде болудың заңдылығын растайтын тиісті белгілердің болуына назар аударады.

Өздерімен бірге құжаттары жоқ, тіркеусіз және тіркелімсіз, сондай-ақ мерзімі өтіп кеткен құжаттар бойынша тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды анықтаған жағдайда патрульші ол туралы кезекшіге, аға ПУИ-ға хабарлайды және оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

137. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын шетел азаматтары құқық

бұзушылық жасаған жағдайда патрульші:

- 1) шетел азаматының заңға қарсы іс-әрекеттерін сол жерде тыюға және ол жөнінде белгіленген тәртіпте жазып қоюға;
- 2) құқық бұзушының тегін, оның жеке басының қол сұғылмайтындығын растайтын құжаттың номерін жазып алуға;
- 3) құқық бұзушыны жіберуге және болған оқиға туралы ПО бастығына рапорт арқылы баяндауға міндетті.

#### §6. Нарядталған оқиға болған жердегі іс-әрекеттері

138. Жасалған қылмыс туралы хабар алысымен наряд арызданушыдан мыналарды:

- 1) қандай қылмыс жасалғанын, оның жасалған орны мен анықталған уақытын (сағаты, минуті);
- 2) қылмысты кім жасағанын немесе кім күдік тудыратынын, оның белгілерін, ұрланған мүліктердің тізімін;
- 3) қылмысты көргендердің бар-жоғын, олар туралы ненің белгілі екенін;
- 4) жәбірленушінің қандай жағдайда екенін және оған көмек көрсетілген-көрсетілмегенін;
- 5) қылмыс туралы хабарлаған адамның тегін, атын, әкесінің атын және мекен-жайын анықтайды.

Бұл деректер қызмет кітапшасына жазылады, дереу кезекшіге және аға ПУИ-ға баяндалады, содан кейін наряд оқиға болған жерге барады немесе кезекшінің нұсқауы бойынша іс-әрекет жасайды.

139. Нарядтар қылмыс жасалған жерде:

- 1) қылмыстың алдын алуға батыл шаралар қолдануға;
- 2) қылмыскерлердің ізіне түсуге және оларды ұстауға;
- 3) жәбірленушілерге көмек көрсетуге;
- 4) куәлерді (өз көзімен көргендерді) анықтауға;

5) оқиға болған орынды күзетуді қамтамасыз етуге;

б) болған оқиға туралы кезекшіге және аға ПУИ-ға баяндап, кезекшінің нұсқауына сәйкес іс-әрекет жасауға міндетті.

Іс-әрекеттердің бірізділігі жасалған қылмысқа, нарядтың құрамына және басқа да жағдайларға байланысты болады.

Қылмыстың жолын кесу қылмыскердің құқыққа қарсы іс-әрекеттерін одан әрі жалғастыру мүмкіндігінен айыру және оны ұстау болып табылады.

140. Қылмыскерлердің ізіне түсу оларды ұстап, залалсыздандырғанға дейін жүргізіледі.

Нарядтар ізіне түсу кезінде батыл және белсенді түрде қимылдап, бұл ретте сақтық шараларын қолдануы және қырағылық танытуы тиіс, қажет болғанда жұртшылықты, әскери қызметшілерді, лауазымды адамдарды және азаматтарды көмекке тартуы керек.

Қылмыскерлердің ізіне түсу кезінде оқиға болған жерді күзету жұртшылықтың немесе көршілес полиция нарядтарының көмегімен ұйымдастырылады.

141. Қылмыскерлердің ізіне түсу мен іздестірілуін ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайларда немесе егер нарядтың бұл әрекеттері мақсатына жетпегенде патрульші полицейлік ЖТТ келіп жеткенше немесе кезекшінің не аға ПУИ-дың өкімін алғанша оқиға болған жерде тапжылмай тұруға міндетті.

142. Жасалған қылмыстың жағдайын сақтау үшін оқиға болған жерден азаматтар, оның ішінде зардап шеккен адамдар іздер мен заттай айғақтар жойылып немесе бүлініп қалмайтындай қашықтыққа алыстатылады. ЖТО келіп жеткенше ешкімге, оның ішінде нарядтардың жеке құрамына ешбір нәрсеге қол тигізуге және бұйымдар мен заттардың орнын ауыстырып қоюға немесе олардың қалпын өзгертуге рұқсат етілмейді.

Қажет болған жағдайларда нарядтар оқиға болған жерді қоршауға алады, бұл үшін қоғамдық құрылымдардың өкілдері, ПО-ның штаттан тыс қызметкерлері, аула сыпырушылары, күзетшілер мен азаматтар тартылуы мүмкін, сондай-ақ әртүрлі қоршау түрлері: жіптер, тақтайлар, сымдар және басқа да қолданбалы құралдар пайдаланылады.

143. Нарядтарға оқиға болған жерде шылым шегуіне, қандай да болмасын заттарды тастауға, іске қатысы жоқ әңгімелер айтуға және бөгде адамдардың сұрақтарына жауап беруге рұқсат етілмейді.

Нарядтардың жеке құрамы қалдырған ізі анық көрінетін көрсеткіштермен және белгілермен таңбаланады.

144. Патрульші полицейлік оқиға болған жерде бірінші кезекте уақыт ағымында жоғалып не өзгеріп кететін жағдайлар; иістер, ауа-райы, температура,

желдің бағыты, жарық түсу сипаты және т.б. жағдайлар туралы есінде сақтап, мүмкіндігінше қажетті жазбалар жасауы керек.

М ы н а л а р д ы ң :

- 1) қылмыс жасау құралдарының;
- 2) саусақтар, аяқ киім, көлік құралдары іздерінің;
- 3) қан дақтарының, шашының, киімдерінің, мата қиындылығының және т.б.
- 4) әйнек сынықтарының, ағаш жаңқаларының, топырақтың, сылақтың, темекінің, сіріңке қалдықтарының және т.б. сақталуы мен тұрған орындарының өзгермеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылу тиіс.

патрульдік нарядтар оқиға болған жерде батыл, сабырлы және сенімді қимылдауға, абыржушылыққа, әкірендеуге және азаматтармен өзара қарым-қатынасты ушықтыратын басқада әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

145. Наряд оқиға болған жерде келіп қалған азаматтарға олардың сол орында тұруын және өз бетінше ешқандай іс-қимыл жасамауын өтінеді, құжаттары бойынша олардың кім екендерін анықтайды, тегін, атын, әкесінің атын, мекен-жайын, жұмыс орнын, телефон номерлерін жазып алады; қылмыскерлердің санын, сырт келбеттерін, белгілерін, жасырынған бағытын, қандай көлік құралдарын пайдаланғандарын, бұл құралдардың номерлері мен ерекше белгілерін, оқиға болған жер қандай өзгерістерге ұшырағанын, оны кім және қандай мақсатпен жасағанын айқындайды.

146. Алғашқы жәрдем көрсете отырып немесе зардап шеккендерді медициналық мекемелерге жібере отырып, патрульші қылмысқа қатысты заттарды, іздерді және белгілерді табу мақсатында оның киімдері мен денесінің ашық бөліктерін қарап шығады, мүмкіндігінше оның кім екенін анықтайды.

Жараланған адам табылған орын және оның дене қалпы, қолдарының, аяқтарының, басының қалпы бормен, көмірмен және басқа да құралдармен белгіленеді.

егер зардап шеккен адамның тірі екендігінің айқын белгілері байқалмаса, онда мүмкіндігінше оның дене қалпы мен төңірегіндегі жағдайды өзгертілместен, ең алдымен оның өлі-тірі екендігі тексеріледі.

ЖТО келгенше өлік оқиға болған жерден алынбайды және қозғалтылмайды.

147. Жаңбырдың, желдің, қардың және басқа да жағдайлардың әсерінен іздері мен заттай айғақтардың жойылып кету қауіпі төнгенде нарядтар оларды сақтау шараларын қолданып, фанералармен, жәшіктермен, брезентпен, картонмен, шифермен және басқа да қолда бар заттармен жауып қояды. Тік тұрған заттардағы іздерді сақтап қалу үшін оның бетіне темірден, қара қағаздан және басқа да су өткізбейтін материалдардан күнқағарлар орнатылады.

Қызметтік итті қолдануды қиындатпау үшін аталған заттар мен материалдардың күшті иісі болмауы керек.

148. Қылмыс үй-жай ішінде жасалған жағдайда наряд ол жерге тек қана оның жолын кесу, қылмыскерді ұстау, зардап шеккендерде көмек көрсету үшін кіре  
а л а д ы .

149. Патрульші қылмысқа қатысы бар барлық деректер жөнінде, қолданылған шаралар мен олардың нәтижелері туралы ЖТО жетекшісіне немесе қылмысты тергеу тапсырылған қызметкерге баяндайды, содан кейін олардың нұсқаулары немесе аға ПУИ-дың өкімі бойынша іс-қимыл жасайды.

#### §7. Қылмыскерлер мен қылмыс жасалуына сезікті адамдарды ұстау және ішкі істер органдарына жеткізу

150. Қылмыскерлер мен қылмыс жасады деген күдік туғызатын адамдарды ұстаудағы іс-әрекеттер ПО қызметкерлерінен заңдылықты сақтауды, жоғары қырағылықты, ұстамдылықты, қалыптасқан жағдайда тез арада баға бере білуді  
т а л а п е т е д і .

151. Патрульші күдікті адамдарды анықтау кезінде күдікті адамның және төңірегіндегі азаматтардың назарын аудармай, оның сыртынан бақылау орнатады .

Азаматты ұстау мен оны ПО жеткізу туралы шешім қабылдай отырып, ол өз іс-әрекеттерінің заңдылығын айқын анықтап алуы тиіс, оны ұстау жоспары құрып, ұстаудың ең қолайлы сәті мен тактикалық әдісін анықтауы керек. Бұл  
р е т т е м ы н а л а р д ы :

1) ұсталатын адамның жеке басын және егер ол бостандықта қалатын жағдайда, мүмкін болар қауіпті салдарларын;

2) егер ұсталатын адам, оның сыбайластары мен жанашырлары тарапынан қарсылық көрсетілетін болса, ұстау кезінде туындауы мүмкін ықтимал  
ш и е л е н і с т е р д і ;

3) қарулы қарсылық көрсету немесе шабуыл жасау мүмкіндігін;

4) егер қажеттілік туып қалса, қару қолдану шарттарын ескеру қажет.

152. Қылмыскерлер мен қылмыс жасады деген күдік туғызатын адамдарды ұстау алдында оларды атыс қаруы немесе суық қарудың болу-болмау мүмкіндігіне ерекше назар аударып, сақтық шараларын қамтамасыз ету керек.

Сонымен бірге наряд өз қаруын дереу қолдану қажеттігін ескере отырып, оны қолдану дайындығын тексереді (қару қабы белдіктің тоғасына жақын жылжытып , түймелері ағытылады, сақтандырғышынан шығарылады).

Егер қылмыскерлер тобын ұстау қажет болса, патрульші алдын ала ішкі істер органы бойынша кезекшімен, аға ПУИ-мен байланыс жасап, қалыптасқан жағдайды баяндайды және әрі қарай олардың нұсқаулары бойынша іс-қимыл жасайды, кейінге қалдыруды күтпейтін жағдайда кезекшімен және көрші

нарядтармен байланыс жасап, көмек сұрауы, сондай-ақ азаматтар тарапынан қолдауды қамтамасыз етуі керек.

153. Қылмыскерлерді ұстау мүмкіндігінше өтпелі аулалардың және қаладағы қоғамдық көлік аялдамаларынан аулақ, адамдар жоқ жерде жүзеге асырылады.

Тұтқиылдан бас салуды қамтамасыз ету үшін наряд күдіктілерге көрінбей жақындайды, олар қарсыласуға дайын емес сәтті таңдап алып: "Тоқта! Көтер қолыңды!" деген команда береді және "Заң атымен ұсталдыңыз" деп хабарлайды.

Ұсталғандардың қарсылығын туғызбау үшін кейбір жағдайда ұстаудың негізгі себептері жарияланбайды, оның орнына басқа сылтаулар: қоғамдық тәртіпті, паспорт режимін бұзу, карантин, т.б. пайдаланылады. Бұл жағдайларда "Тоқта! Көтер қолды!" деген команда берілмейді.

Қалыптасқан жағдайларға қарай ұсталғандардың киімдері мен қолындағы заттарына дереу немесе басқа да ПО қызметкерлерінен, жасақшылардан немесе азаматтардан көмек алу мүмкін болған қолайлы сәтте, өз еркімен өткір, ұшты тағы да басқа тиым салынған заттарын беруін өтініп, егерде бермесе, қолданыстағы заңдарға сәйкес тексеру жүргізіледі.

Нарядқа қарсылық көрсету, шабуыл жасау немесе қашып кету үшін пайдалануы мүмкін табылған қарулар мен басқа да заттар дереу алынып қойылады.

154. Күдікті адамның құжатын тексергенде және одан жауап алғанда патрульші (күзетші) тексерілушіден жарты қадам жерде қиғаш қарап тұруы керек және шабуылға тойтарыс беруге әзір болуы тиіс.

155. Ұсталғандарды ПО жеткізу, әдетте, арнайы автокөлікте не ұйымдар мен жекелеген адамдардың автомобильдерінде жүзеге асырылады.

Бұл мақсаттарды қоғамдық көлікті, арнайы мақсаттағы автомобильдерді: өрт сөндіретін, инкассациялық, жедел жәрдем (медициналық көмек көрсету қажет болмаған жағдайларда) автомобильдерді, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтардың көлігін пайдалануға жол берілмейді.

156. Патрульші ұсталған адамды жеткізу кезінде оның сыбайластары тарапынан қашып кетуге немесе босатуға жағдай жасау әрекеттеріне қарсы шараларды ойластыруы керек; ұсталған адамның әлдекімдерге заттай айғақтарды беріп немесе лақтырып жібермеуін және сыбайластырынан қару немесе шабуыл жасайтын басқа да құралдарды алмауын қадағалауы тиіс.

157. Ұсталған адамды жаяу жеткізуді, әдетте, екі және одан да көп ПО қызметкерлері жүзеге асырады, олардың біреуі ұсталған адаммен қатарласып, оны ұстап жүреді, ал екіншісі жеткізілетін адамның және төңірегіндегілердің қимыл-әрекеттерін бағып, арттарында жүріп отырады.

Егер де жалғыз ғана қызметкер жеткізетін болса, ол ұсталған адамның

артында немесе оң жағында қатарласып жүріп отырады. Бұл жағдайда жеткізілушінің алдына шығып кетуіне немесе қатарласып еңкеюіне тыйым салынады.

Жеткізу кезінде адамдар көп шоғырланған орындарды, өтпелі аулаларды, саябақтарды және тоғайлы алқаптарды айналып өткен жөн.

158. Ұсталған адамды ПО жеткізген патрульші ол туралы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы бастығының атына мәлімдеме арқылы баяндайды. Мәлімдемеде жеткізілген адамның тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы; ұсталған уақыты, жері, жағдайлары, себептері; куәлердің, сондай-ақ ұстау мен жеткізуге жәрдем көрсеткен адамдардың тегі және мекен-жайлары көрсетіледі.

#### §8. Қылмыскерлер мен басқа да қоғамға жат элементтердің жасырынуы ықтимал орындарды қарау

159. Патрульдік нарядтар қажет болған жағдайларда бағыттар бойында орналасқан, қылмыскерлер мен басқа қоғамда жат элементтердің жасырынуы ықтимал орындарды (жертөлелерді, шатырларды, адам тұрмайтын орындарды, саябақтарды, гүлзарларды, салынып жатқан үйлерді, қираған орындарды және т.б.) қарап шығуы керек.

160. Қылмыскерлердің жасырынуы ықтимал орындары кемінде екі патрульші полицейліктер қарайды және қажет болған жағдайларда қызметтік иттерді пайдаланады.

Жекелеген жағдайларда бұндай қарау тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, күзет қызметкерлерін, коменданттарды, жұртшылықты қатыстыру арқылы жүргізіледі.

Егер де қаралатын орындарда қарулы адамдардың жасырынған туралы деректер бар болса, наряд жетекшісі:

- 1) алынған мәліметтер туралы аға ПУИ-ға баяндауға;
- 2) қаралуы тиіс объектінің орналасуын, оның жоспарын, кіріп-шығатын есіктерін, объектіге жасырын түрде жақындауға болатын жолдарды алдын ала анықтауға;
- 3) патрульшінің немесе қоғамдық күштердің міндеттерін айқындауға, объектіге жақындаған кезде және олардың назарын қарау барысында сақтық шараларын сақтау қажеттілігіне аударуға міндетті.

161. Кенеттен қимылдауды қамтамасыз ету үшін қарауды көбіне қараңғы түнде немесе таңертең ерте жүргізген жөн.

Белгіленген объектіге жақындау шусыз және асықпай жүргізіледі. Әңгімелесуге және шылым шегуге жол берілмейді.

162. Қарауға қатысушылардың барлығы тек қана наряд жетекшісінің (аға



ПУИ) командасы бойынша қимылдайды. Команда берілместен өз бетінше қандай да іс-әрекеттер жасауға қатаң тыйым салынады.

Командалар жай дауыспен немесе арнаулы келісілген белгілер бойынша беріледі.

163. Объектіні қарау алдында міндетті түрде қарудың қолдануға дайындығы тексеріледі.

Объектінің ішіне енген кезде ықтимал шабуылдан сақтану шараларын қолдану қажет.

Егер де үй-жай ішіне көрінбей кіру мүмкіндігі болмаса, алдын ала "Бұда кім бар, шық!" - деген команда беріледі.

Қаралатын объекіден мінез-құлқы және басқа да жайттар оларды қылмыс жасаған деп күдіктенуге негіздер бар адамдар табылған жағдайда наряд осы Ережелердің 195-203-тармақтарына сәйкес іс-қимылдар жасайды.

#### §9. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауында тұратын адамдарды бақылау

164. Әкімшілік қадағалауға болатын адамдарды бақылау жөніндегі міндеттер нұсқау беру және тікелей қызмет кезінде қойылады. Міндеттердің көлемі мен сипаты патрульдік учаскенің әр бағытындағы жедел жағдайдың ерекшеліктері ескеріле отырып айқындалады. Міндеттер жүктеу кезінде аға ПУИ патрульдік нарядтарға бұл адамдардың тегін, атын, әкесінің атын, мекен-жайын, жұмыс орнын және жеке басын сипаттайтын басқа да деректерді, қадағалауға алудың негіздерін, мерзімін және көзделген шектеулерді хабарлайды, бақылаудың түрі мен оны жүргізудің нақты іс-әрекеттері көрсетіледі.

Қажет болған жағдайларда патрульшілерге олар бақылау жүргізу жүктелген барлық азаматтарды танып-білулері тиіс.

165. Патрульшілер мүмкіндігінше өздеріне бақылау жүргізу жүктелген барлық азаматтарды танып-білулері тиіс.

Мұндай адамдарды патрульдік нарядтарға көрсетуді, әдетте, ПУИ және жедел-іздістіру бөлімшелерінің қызметкерлері жүзеге асырады.

166. Әкімшілік қадағалауда болатын адамдарды бақылауды патрульшілер олардың баруына тыйым салынған қоғамдық орындарда болуына бақылау жасау а р қ ы л ы ж ү р г і з е д і .

167. Қадағалаудағы адамның баруға тыйым салынған қоғамдық орында болуы анықталған жағдайда патрульші оны жақын жердегі ПУП-іне немесе

ПО-ның кезекші бөліміне жеткізу шараларын қолданады.

168. Қадағалаудағы адамның кетіп қалуға тыйым салынған уақытта тұрғылықты жерінде болмауы жөнінде мәлімет алғанда патрульші ол туралы дереу аға ПУИ-ға баяндайды және оның нұсқауы бойынша іс-әрекеттер жасайды.

169. Қадағалаудағы адаммен сөйлескенде сыпайылық пен әдептілік сақтау керек, төңіректегі азаматтардың назарын аудармай, бөгде адамдардың қатысуынсыз оның жол берген тәртіп бұзушылықтары жөнінде әңгімелеседі.

170. Әкімшілік қадағалауда болатын адамдардың шектеулерді бұзуы қызметтік кітапшаға жазылып, онда қадағаланушы адамның тегі, аты, әкесінің аты, тәртіп бұзушылықтың мәнісі, оған қайда және қашан жол берілгені, қадағаланушының тарапынан тәртіп бұзушылық жасалғанын растаған 2 куә көрсетіледі. Бағыттығы қызметі аяқталысымен патрульші анықталған тәртіп бұзушылықтар туралы жазбаша рапорт бойынша баяндайды.

#### §10. Бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау

171. Бұқаралық (қоғамдық-саяси, мәдени-сауық, спорттық және басқа да) іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды олардың мақсаты мен көлеміне қарай ІІМ-ІББ-ІБ-КІБ, қалалық, аудандық, желілік ПО ұйымдастырады.

Бұқаралық іс-шараларды ойдағыдай өткізу мақсатында ішкі істер органдары:

1) іс-шаралары ұйымдастырушылармен бірлесе отырып, қатысушылардың және көрермендердің қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар қамтамасыз ету, бұқаралық, іс-шаралар өткізілетін жерлерде белгіленген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

2) қылмыстарды, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтарды ескертеді, олардың жолын кеседі;

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

172. Тапсырма алған сәттен басталатын дайындық кезеңінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1) бұқаралық іс-шараларды өткізуге тиісті рұқсаттың бар-жоғы тексеріледі, оны өткізудің бағдарламасы, орны уақыты және тәртібі, қатысушылардың немесе көрермендердің саны мен құрамы анықталады;

2) төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік (бұдан әрі - ТЖА) өкілдермен бірлесе отырып, іс-шаралар өткізілетін үйлер, ғимараттар немесе басқа да орындар комиссиялық тексеруден өткізіледі, олқылықтар анықталып, оларды

ж о ю                    ш а р а л а р ы                    қ о л д а н ы л а д ы ;

3) бұқаралық іс-шаралар өтетін аудандағы жерге алдын-ала зерттеу жүргізіледі, оның барысында аумақтың, көліктер мен жолаушылардың қозғалыс бағыттарының ерекшеліктері зерттеледі, жүру тәртібі, адамдардың жиналу, түсу және орналасу пункттері, көліктер тұратын орындардың, көлік қозғалысын ұйымдастырудағы уақытша өзгерістердің қажеттілігі анықталады; аймақтардың, секторлардың, учаскелердің шекаралары, қатысушылар, күштер мен құралдардың қажетті саны, жедел штабтардың, резервтердің орналасатын жерлері, маневр кезінде күштердің қозғалыс жолдары белгіленеді;

4) бұқаралық іс-шаралары өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтаудың үлгілік жоспары әзірленеді немесе айқындалады, онда:

іс-шаралардың мазмұны мен бағдарламасы, оның өткізілетін орны, уақыты, қатысушылар мен көрермендердің болжалды саны;

қоршалатын аумақтың, аймақтың, учаске секторының шекаралары;

қатыстырылатын күштер мен құралдардың құрамы мен саны, нарядтардың түрлері мен міндеттері, аймақтарда, секторларда және учаскелерде олардың қызметін ұйымдастыруға жауапты адамдар;

көршілес қалалық, аудандық, желілік органдармен, Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарымен, әскерлермен, қоғамдық құрылымдармен өзара іс-әрекеттер жасау тәртібі;

төтенше жағдайлар қалыптасқан кездегі топ басшылары мен наряд жетекшілерінің іс-әрекеттері;

жедел іздестіру топтарының жұмыс тәртібі;

көрсеткіштерді, аумақты қоршауға арналған жылжымалы кедергілерді, арқандарды, автомобильдер мен әскери техникаларды орналастыру орындары;

колонналар жасақталатын, іс-шаралар өткізілетін орындардың кіре берісіндегі көрермендер жиналатын жерлерде, сондай-ақ қалалық көлік аялдамаларында, тексеру пункттері мен кассаларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру ;

қатысушылар мен көрермендердің жүріп-түру бағыттары, көлік және жолаушылар ағынын бұру жолдары, іс-шаралар басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін олардың қозғалысын реттеу тәртібі, көлік құралдарының тұратын орындары ;

іс-шаралар аяқталғаннан дейін көрермендер мен қатысушылардың ұйымшылдықпен сыртқа шығу тәртібі;

көрермендердің бірқалыпты шығуын қамтамасыз ету мақсатында қосымша іс-шаралар (спортшылардың, артистердің өнер көрсетуі және т.б.) қажеттілігі жағдайына дайындықтар жөнінде әкімшілікке ұсыныстар енгізу;

қылмыспен және өзге де құқық бұзушылықтармен күресті күшейту жөніндегі

қ о с ы м ш а

і с - ш а р а л а р ;

қоғамдық тәртіпті сақтауды, оның ішінде көрермендердің бірқалыпты кіруін (шығуын) қамтамасыз ету мақсатында қосымша іс-шаралар (спортшылардың, артистердің өнер көрсетуі және т.б.) өткізілетін жерлерге нарядтар қою жөнінде әкімшілікке ұсыныстар енгізу;

басқаруды және байланысты ұйымдастыру;

қызмет атқаруға тартылатын жеке құрамның, оның ішінде резервтің орналасатын жерлерін;

жеке құрамның медициналық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру қарастырылады.

Жоспар есептердің, таблицалардың және түсіндірме жазбалардың қоса берілуі арқылы картада (схемада) ресімделеді.

Аса маңызды іс-шаралар өткізілген жағдайда ПО тиісті басшысы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы бұйрық шығарады, сондай-ақ профилактикалық жұмыстарды өткізу және қатыстырылатын күштер мен құралдарды дайындау жоспары жасалады;

5) жеке құрамның қызмет атқаруға дайындығы ұйымдастырылып, техникалық және арнаулы құралдардың жарамдығы тексеріледі.

173. Жеке құрамның қызмет атқаруға дайындығы нұсқау беруден, жаттығулардан тұрады. Қажет болған жағдайларда ПО, әскери бөлімшелердің жеке құрамымен және қоғамдық құрылымдар өкілдерімен арнайы сабақтар өткізу ұйымдастырылады, онда олардың құқықтары, міндеттері, қатысушылар мен көрермендердің мінез-құлық ережелері, ережелер мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін олардың жауапкершілігі, сондай-ақ қызмет атқарудың, оның ішінде төтенше жағдайлар қалыптасқан кезде неғұрлым тиімді техникалық жолдар мен тәсілдері үйлестіретін нормативтік актілер оқытылады.

174. Аумақ схемасын пайдалана отырып өткізілген нұсқау берулерде бұқаралық іс-шаралардың бағдарламасы түсіндіріледі, қоғамдық тәртіпті сақтау учаскелері, секторлар, адамдардың жүретін бағыттары мен көліктер тұратын орындар, басқару пунктінің, резервтен, медициналық пункттердің, сауда нүктелерінің, санитарлық тораптардың орналасуы анықталады, сондай-ақ нарядтар қоршау аймағына өтуге құқық беретін рұқсат қағаздардың (билеттердің) және басқа да құжаттардың үлгісімен таныстырылады.

175. Дайындықтар мен жаттығулар бұқаралық іс-шаралар қарсаңында сол өткізілетін жерде асырылады.

Бұл ретте міндеттер, нарядтардың орналасуы анықталады; күштерді іске қосудың белгіленген мерзімдерінің дұрыстығы тексеріледі; патрульдік полиция нарядтарының, әскерлердің және төтенше жағдай қалыптасқанда қатыстырылатын басқа да күштердің өзара іс-қимыл жасау мәселелері

п ы с ы қ т а л а д ы .

Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің барлық жеке құрамының жедел жаттығулары қоғамдық тәртіпті жаппай бұзу және басқа да төтенше жағдайлар қалыптасқанда іс-қимылдар жасау тактикасын пысықтау мақсатында барында шындыққа жақындатылған жағдайда өткізіледі.

176. Бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамсыз ету жөніндегі нарядтағы жеке құрамға, әдетте, атыс қаруы берілмейді. Резерв қарулануы мүмкін.

177. Бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде осы Ережелердің 13-тармағында көрсетілген нарядтардан басқа тізбектер, қатысушыларға ере жүру тобы, бақылау күзет орындарында қызмет атқаратын нарядтар, резерв, арнаулы құралдарды қолдану тобы, қоршаулар қолданылады.

178. Тізбек - бөгде адамдарды жібермеу, сондай-ақ іс-шараға қатысушылардың ұйымшылдықпен қозғалуын қамтамасыз ететін бағыттаушы дәліздер немесе іс-шараға қатысушылар мен көрермендер орналасқан орындарда шектеу квадраттарын жасау мақсатында бұқаралық іс-шара өткізілетін аумақты қоршау үшін қойылатын наряд.

Тізбек құрамына ПО қызметкерлері, әскери қызметшілер, қоғамдық құрылымдардың өкілдері ене алады. Осыған сәйкес полиция тізбегі, әскери тізбек, жасақшылар тізбегі және аралас тізбек болып бөлінеді.

Тізбектер сирек болып да бөлінеді, онда жеке құрам екі метрден астам қашықтыққа орналасады; қалыпты тізбек - 1-2 метрлік қашықтыққа, күшейтілген тізбек 1-метрге жетпейтін қашықтыққа, көп қатарлы тізбек - екі және одан да көп қ а т а р д а о р н а л а с а д ы .

179. Іс-шараға қатысушылармен, көрермендермен ере жүретін топ колонналар сапқа тұрғанда, ере жүргенде және олар үшін бөлінген орындарда орналасу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді.

180. Бақылау күзет орнына тағайындалатын наряд бұқаралық іс-шараны өткізу барысы және жағдайдың өзгеруі туралы дер кезінде хабарлауды қамтамасыз етеді. Бақылау күзет орны аумақты жете қадағалауды қамтамасыз ететін пунктке орналастырылады және қажетті техникалық құралдармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

181. Резерв бұқаралық іс-шараларды өткізуде жағдайдың шиеленіскен кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттерін шешуге арналған.

Резервтер іске тез арада араласатындай орындарға орналастырылуы тиіс.

Жедел штаб бастығының қарауындағы резервтің құрамына қоғамдық тәртіпті сақтауға тартылатын барлық күштер мен құралдардың 15% дейін бөлінуі мүмкін.

Сектор, учаске немесе бағыт бастықтарының қарауындағы резервтер осы

секторда, учаскеде немесе бағытта пайдаланылатын күштер мен құралдардың кемінде 15% құрайды. Іске қосылған резервтер онша маңызды емес учаскелер мен бағыттардан алынған күштер мен құралдарды босату есебінен дереу т о л ы қ т ы р ы л а д ы .

182. Арнаулы кедергілерден, автомобильдерден және жауынгерлік техникалардан құрылған бөгеттер қоршаудың ең күрделі учаскелерінде тізбекті күшейту мақсатында орнатылады.

183. Арнаулы құралдарды қолдану топтары жаппай тәртіпсіздікті, басбұзарлықты, жүгенсіздікті болдырмау мақсатында құрылады. Арнаулы құралдардың құрамы және қолдану тәртібі оларды пайдалану туралы нұсқаулыққа сәйкес нұсқау беру кезінде айқындалады.

184. Қажет болған жағдайларда ПО бастығы (жедел штабтың бастығы) жергілікті атқару органдарымен келісім бойынша қоршау аймағында көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын уақытша, толық немесе ішінара тоқтатып, қоғамдық көлік аялдамаларын көшіре алады, сондай-ақ спирттік ішімдіктер сатуға тыйым салады, сауда және басқа да кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысын тоқтатады.

185. Бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға күштер мен құралдардың тек шын мәнінде қажетті саны қатыстырылуы тиіс. Нарядтар өткізілетін іс-шаралардың қанат жаюына қарай іске қосылады, ал қажеттілігі өткен соң жедел штаб бастығының өкімі бойынша (сектор, учаске немесе бағыт бастығы) дереу орнынан алынып, резервке шығарылады.

186. Бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде нарядтардың жеке құрамы:

1) қызмет атқару кезінде ерекше сақтық жасап, ұстамдылық көрсетуге, кез келген жағдайда сабырлы және сенімді қимыл көрсетуге, сөйтіп үрей тудыратын және қоғамдық тәртіпті бұзудан ескертуге;

2) көрсетілген орында болуға және арнаулы рұқсатсыз тапсырылған қызмет учаскесін тастамауға;

3) алға қойылған міндетті білуге және оны шебер орындауға;

4) жасақшылардың және қоғамдық құрылымдардың басқа да күштерінің көмегін, арнаулы құралдар мен қорғаныс құралдарын пайдалана отырып, қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесуге;

5) қоршалған аймаққа билеттері немесе арнайы рұқсат қағазы жоқ адамдарды жібермеуге;

6) егер де жергілікті атқару органдарының тиісті шешімдері болса, бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда, сондай-ақ ол жерге жақын аумақтарда спирттік ішімдіктер сатуға тыйым салуға;

7) залдарда, трибуналарда, колонналарда спирттік ішімдіктерін ішуге және адамдардың спорт алаңдарына, сахнаға және басқа да орындарға шығуына жол

бермеуге міндетті. Мас күйдегі адамдар мен қоғамдық тәртіпті бұзушыларды бұқаралық іс-шаралар өткізіліп жатқан орындардан аластатуға міндетті. Аластату жөніндегі іс-әрекеттерді даулы жағдай тудырмай, мұқият сақтықпен жүзеге асыруға ;

8) іс-шараны өткізуді, қоғамдық тәртіпті және көрермендер мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамсыз етуді қиындататын жағдайды анықтағанда дереу ПО лауазымды адамына, объектідегі тәртіптің сақталуына жауапты адамға баяндауға міндетті.

187. Қоршалған аймақта тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтар тұрғылықты жеріне паспортын немесе өзге де оны растайтын құжатты көрсеткенде, ал жұмыс істейтін жеріне арнайы рұқсат қағаздар мен қызметтік куәліктер бойынша жіберіледі.

Жедел штаб бастығының шешімі бойынша өткізудің ерекше тәртібі орнатылуы мүмкін.

Қоршалған аймаққа :

1) қаруы, рабайсыз үлкен заттары, портфельдері, чемодандары немесе оралған заттары бар адамдарды ;

2) мас күйдегі немесе қолында спирттік ішімдіктер бар азаматтарды жіберуге тыйым салынады .

Ерекшелік тәртібінде қоршалған аймаққа тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына портфелімен, чемоданымен немесе оралған затымен бара жатқан адамдар өткізіледі. Бұл жағдайда олар баратын жеріне тек БӨП арқылы жіберіледі, қажет болғанда қолданыстағы заңдарға сәйкес, тиісті тексеруден соң ПО қызметкерлерінің ере жүруі арқылы жеткізіледі.

§11. Төтенше жағдайлар қалыптасқанда  
қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету

188. Төтенше жағдайлар өрт шыққанда, табиғи апаттар (жер сілкіну, сел, қар көшкіні, құламалар, дауылдар, су тасқыны) кезінде, жұқпалы аурулар, індеттер, радиоактивті және химиялық зақымдану кездерінде, сондай-ақ ірі аварияларда, апаттарда және жаппай тәртіпсіздіктер, басқа да ерекше жағдайларда жарияланады .

189. Өрт шыққан жағдайда патрульдік нарядтар:

1) ең жақын жерде орналасқан ТЖА жанындағы мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшесіне, ПО бойынша кезекшіге және аға ПУИ-ға дереу хабарлауға және қажет болған жағдайда тұрғындарды хабардар етуге ;

2) мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері келіп жеткенше өрт сөндіруді, адамдар мен мүліктерді құтқаруды ұйымдастыруға ;

3) өрттің шығу себебін анықтауға, оқиға болған орынды күзетуге және қылмыс жасады деген күдік туғызатындарды ұстау шараларын қолдануға;

4) зардап шеккендер болса, медициналық жәрдем шақыруға немесе оларды емдеу мекемелеріне жөнелтуге;

5) жанып жатқан үйге өртті сөндіруге қатыстырылған адамдардан басқа ешкімді жібермеуге;

6) мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріне өртті сөндіруге, адамдарды және жанып кету қаупі төнген мүліктерді үйден алып шығуға жәрдем көрсетуге; құтқарылған мүліктерді күзетуді ұйымдастыруға; өртке су шашатын шлангтердің зақымданбауын қадағалауға, қажет болған жағдайларда өрт сөндіруге жарамды деген адамдарды, көліктерді және басқа да құралдарды жұмылдыруға жәрдемдесуге міндетті.

190. Су тасқыны (тасу, сел) кезінде патрульдік нарядтар:

1) су тасу қаупі туралы лауазымды адамдар мен тұрғындарға хабарлауға және ол туралы аға ПУИ-ға мен ПО бойынша кезекшіге баяндауға;

2) су тасқыны аймағынан тұрғындарды (ең алдымен балаларды, әйелдерді, қарттар мен ауруларды) және мүліктерді көшіруге мүмкіндік жасауға;

3) су басқан аудандардан тұрғындарды көшіру кезінде тәртіп сақтауды қамтамасыз етуге;

4) қараусыз қалған мүліктерді күзетуді ұйымдастыруға;

5) тұрғындар арасында жалған қауесеттер таралуының жолын кесуге және шушығаруды ескертуге;

6) аға ПУИ-мен ұдайы байланыста болуға, оның нұсқауларын орындауға, көршілес патрульдік нарядтармен радиобайланыста болуға міндетті.

191. Жер сілкіну кезінде патрульдік нарядтар:

1) өз бағыты ауданындағы жағдайды анықтауға, аға ПУИ және кезекшімен байланыс жасауға, оларға жағдайды баяндап отыруға;

2) көліктердің, адамдардың жүруіне қауіпті орындарды белгілеуге және ЖҚҚ қамтамасыз етуге;

3) адамдар мен мүліктерді сақтап қалуға, зардап шеккендерді алып шығуға және оларды медициналық жәрдем пункттеріне жіберуге, сондай-ақ өрттерді болдырмау шараларын қолдануға;

4) тұрғындар арасында жалған қауесеттер таралуының жолын кесуге және шушығаруды ескертуге;

5) аға ПУИ ұдайы байланыста болуға, оның нұсқауларын орындауға, көршілес патрульдік учаскелермен радиобайланыста болуға міндетті.

192. Бұрқасындар, дауылдар және қар көшкіндері кезінде патрульдік нарядтар:

1) көліктер мен жаяу жүргіншілердің қозғалысына бақылау жасауды



күшейтуге, жүргізушілер мен азаматтарды мүмкін болатын бұрқасындар, дауылдар мен көшкіндер туралы, сақтық шаралары жөнінде ескертуге;

2) көшелер мен елді мекендерден тыс жерлерде зардап шеккендерге және дәрмені жоқ азаматтарға көмек көрсетуге;

3) магистральдардың, көшелердің, жолдардың жүру бөліктерін және жабылып қалған үйлерді тазалауға жарамды адамдар мен көлік құралдарын жұмылдыруға жәрдемдеседі.

193. Карантин жарияланған аумақта қоғамдық тәртіпті сақтау және режимдік шараларды қамтамасыз ету, әдетте, карантин жарияланған сәтте осы аумақта болған ПО және ІӨ-дің күштері мен құралдары арқылы жүзеге асырылады.

ПО қызметкеріне, ІӨ-дің әскери қызметшілеріне профилактикалық егу жасалады, қажетті қорғану мен дезинфекция құралдары беріледі және оларды пайдаланудың ережелері түсіндіріледі.

Зақымдану ошағында қызмет атқару ұзақтығының тәртібін медициналық (мал дәрігерлік) қызметпен келісу арқылы ІӨ бөлімдерінің командирлерімен бірлесе отырып орган бастығы белгілейді.

Карантин жарияланған аумақты сырттан қоршау үшін, сондай-ақ зақымдану ошағында тікелей карантиндік шараларды қамтамасыз ету үшін басқа қалалардан және аудандардан ПО мен ІӨ-дің бөлімшелері тартылуы мүмкін.

194. Жарылмай қалған бомбалар, снарядтар, миналар, жарылғыш, химиялық, радиоактивті және тұрғындарға қауіп төндіретін басқа да заттар табылған жағдайда патрульдік нарядтар:

1) бұл туралы дереу кезекші бөлімге баяндауға;

2) жеке қауіпсіздік шараларын, адамдарды құтқару, зардап шеккендерді алып шығу және оларға қажетті көмек көрсету шараларын қолдануға;

3) анықталған (залалданған) аймаққа зардаптарды жоюға қатыспайтын адамдарды, мал мен көлікті жібермеуге;

4) қауіпті аймақтан тұрғындарды шығару бағытын, көліктердің айналып өтетін жолдарын көрсетуге;

5) өрт шыққан жағдайда мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенше өртті сөндіруді ұйымдастыруға;

6) құтқару және кейінге қалдыруға болмайтын апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде көлік пен еңбекке жарамды адамдарды жұмылдыруға жәрдем көрсетуге міндетті;

Аға ПУИ мен залалсыздандыру, зиянсыздандыру жұмыстарын жүргізуге жауапты адамдар келгенде міндеттер анықталып, патрульдік нарядтар бұдан әрі аға ПУИ-ның нұсқауы бойынша іс-әрекет жасайды.

195. Көліктегі қираулар, апаттар және авариялар кезінде патрульдік нарядтар:

1) кезекші бөлімге және аға ПУИ-на оқиғаның уақытын, орнын, сипаты мен шамамен алғандағы көлемін дереу хабарлауға;

2) адамдарды, мемлекеттік, қоғамдық және мүліктерді құтқару шараларын қолдануға; мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенше өртті сөндіруді ұйымдастыруға;

3) зардап шеккендерге көмек көрсетуді және оларды емдеу мекемелеріне жіберуді, сондай-ақ қараусыз қалған мүлікті күзетуді ұйымдастыруға;

4) оқиға зардаптарын жоюға тартылған адамдардан басқа ешкімді оқиға орнына жібермеуге; тергеу жүргізу үшін тағайындалған адамдар келгенше көлік құралдарына қол сұғылмауды қамтамасыз ету шараларын қолдануға (зардап шеккендерді алып шығу қажеттігін қоспағанда);

5) қосымша нарядтар келгенше оқиға болған жерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге;

б) қажет болған жағдайда төтенше оқиғаның зардаптарын жою үшін еңбекке жарамды адамдарды, көлікті және басқа да құралдарды жұмылдыруға жәрдем көрсетуге міндетті.

196. Қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтарды ескерту және олардың жолын кесу, жаппай тәртіпсіздікке ұласуын болдырмау мақсатында патрульдік нарядтар :

1) қалыптасқан жағдай туралы ПО бойынша жедел кезекшіге, аға ПУИ-ға баяндауға міндетті. Көшелерде және адамдар жаппай жиналатын басқа да орындарда шерулер, митингілер, демонстрациялар өткізілген кезде жағдайды және адамдар контингентін мұқият зерттеуге; қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықты тудыратын немесе оны жасыруға ықпал ететін барлық жағдайларда назар аударуға, мұндай жағдайлар туралы кезекшіге баяндауға, оларды жоюға жеке дара шаралар қолдануға, сондай-ақ тиісті лауазымды адамдардың шаралар қолдануларын талап етуге міндетті. Оқиға орнына аға ПУИ келіп жеткен соң оның нұсқауы бойынша іс-әрекет жасауға;

2) бұзақылық әрекеттер фактілеріне және азаматтардың қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылығы туралы хабарлар бойынша шұғыл қимыл көрсетуге; тәртіп бұзушыларға бұл әрекеттердің заңсыздығын түсіндіріп, оны тоқтатуды талап етуге; тәртіпсіздіктерге жол бермеу үшін бұзақыларды ұстау кезінде жағдайға сай батыл әрі шебер қимыл көрсетуге;

3) белгіленбеген уақытта және көрсетілмеген орындарда, әсіресе спорттық және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізілгенде спирттік ішімдіктер сатуға тыйым салуға; саябақтардың, стадиондардың және ойын-сауық орындарының әкімшілігімен бірлесе отырып, мас күйдегі адамдарды спорттық және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларға жібермеу, спорттық ғимараттарды және оларға таяу орналасқан жерлерде спирттік ішімдіктер ішуге жол бермеу шараларын

қ о л д а н у ғ а ;

4) нарядтардың тиісті тәртіп сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі орынды талаптарын саябақтың, стадионның, ойын-сауық орнының әкімшілігі мен басқа да лауазымды адамдардың орындамау жағдайы туралы дереу аға ПУИ-ға б а я н д а у ғ а м і н д е т т і ;

5) ПО бойынша кезекшіге және аға ПУИ-ға дау-жанжалды жағдай туралы б а я н д а й о т ы р ы п , п а т р у л ь ш і :

шығу сипатын, орын мен уақытын;

шығу себептерін;

қатысушылардың контингенті мен санын;

жиналып қалған азаматтардың санын және олардың дау-жанжалға қатысын х а б а р л а й д ы .

197. Патрульші қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылық шыққан жағдайда ұсталғандарды оқиға орнынан әкетудің ең қолайлы жол мен бағытты, сондай-ақ ПО көлік құралдары келіп жеткенше оларды ұстауға болатын үй-жайларды білуі т и і с .

198. Қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықты ескерту мен оның жолын кесу патрульдік нарядтардың табанды іс-әрекеттері арқылы тобырды ұсақ топтарға бөлу, оларды бір-бірінен ажыратып жіберу, ығыстыру және тарату арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге тәртіпсіздікті бастаушылар мен оған белсенді қатысушыларын анықтау шаралары қолданылады.

199. Адамдар көп жиналған жерлерде құқық бұзушылықтың жолын кесу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуды бастаушылар мен оған белсенді қатысушыларды ұстау кезінде патрульдік наряд өз қимылы арқылы жағдайдың шиеленісіп кетуін болдырмау үшін қатысушы азаматтардың ықтимал теріс ықпалын ескере отырып, сақтық көрсетіп, абай болуы тиіс.

Қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуда ұсталған бастаушылар мен оған белсенді қатысушылар дереу жабық машинамен ПО жіберіледі.

200. Тәртіпсіздікті бастаушылар мен оған белсенді қатысушыларды дереу ұстау мүмкін болмаған немесе орынсыз жағдайларда патрульдік нарядтар кейіннен бақылауға алу және қолайлы сәтте ұстау үшін олардың жеке басын а н ы қ т а у м е н ғ а н а ш е к т е л е д і .

201. Қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың жолын кесудегі операцияларды жүргізу кезінде патрульдік нарядтар жоғары ұйымшылдық, тәртіптілік көрсету керек және тек қана операция жетекшісінің немесе аға ПУИ командасы бойынша іс-әрекет жасауы тиіс. Келісілген іс-қимылды қамтамасыз ету үшін байланыс жасау әдістері, шартты белгілер мен сигналдар белгіленеді.

202. Жаппай тәртіпсіздікті жойғаннан кейін операция жетекшісінің өкімі бойынша патрульдік нарядтар оның қайталануына жол бермеу шараларын

қолданады; азаматтарға тарап кетуді және көшелерде, алаңдарда, аулаларда жиналмауды өтінеді; ол осы өтінішке құлақ аспаған неғұрлым елеулі топтар туралы аға ПУИ-ға және кезекшіге баяндайды; көлік пен жаяу жүргіншілердің бірқалыпты қозғалысын ретке келтіреді.

#### 4 тарау. ЖОЛ ПОЛИЦИЯСЫ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ Т Ә Р Т І П Т І ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

203. Жол полициясы қоғамдық тәртібі жөніндегі функцияларды атқара  
о т ы р ы п :

1) қоғамдық тәртіпті сақтау мен автомобиль жолдарындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамсыз етуді;

2) жол қозғалысын бақылауды, автомобиль жолында, оның ішінде көлік құралдарын пайдалана отырып жасалған қылмыстарды анықтау, алдын алу мен ашуды;

3) белгіленген тәртіп пен өз құзыретінің шегінде қылмыс немесе құқық бұзушылық жасаған адамдарды қылмыстық, әкімшілік жауапқа тартуды;

4) қылмыс, жол-көлік оқиғалары болған орындарда шұғыл бастапқы тергеу іс-қимылдарын, өзінің құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес іздестіру іс-шараларын жүргізуді, жол қозғалысы саласында жасалған қылмыстар жөніндегі істер бойынша анықтау жұмыстарын жүзеге асырады.

204. ЖП бөлімшелерінде негізгі міндеттерді орындау үшін маңызы бар ақпараттарды есепке алу мен талдау ұйымдастырылады. Есепке алуға анықталған қоғамдық тәртіпті бұзушылықтар, қылмыспен күрес нәтижелері, ЖҚЕ-ін бұзу, жасалған ЖКО, қолданылған әкімшілік шаралар туралы деректер жатады.

205. ЖП-ның күш-құралдарын орналастыру "Патрульдік учаске" деген әдіс бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатыстырылатын ПҚК орналастырудың бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет атқару кезінде ЖП қызметкерлері қызмет атқару бағыты (бекет) орналасқан аға ПУИ-дың жедел қарамағында болады және оларға жүктелген міндеттерді ПО басқа да мүдделі бөлімшелерімен және қызметтерімен өзара тығыз іс-қимылдар жасау арқылы орындайды.

206. Қызмет атқару кезінде саптық бөлімшелердің күш-құралдарын жедел басқаруды қалалық, аудандық ПО кезекші бөлімі, сондай-ақ бекітіліп берілген патрульдік учаскедегі патруль нарядтарының жұмысын ұйымдастыруға жауапты болатын аға ПУИ-лар жүзеге асырады. Саптық бөлімшелердің кезекші бөлімдері

ІІМ, ІІББ, ІІБ-нің кезекші бөлімдерінің жедел қарамағында болады.

Патрульдік топ қызметкерлері қызмет атқару кезінде:

1) өзінің бағытында, күзет орында және жалғасып жатқан аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

2) қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесуде ІІО басқа қызметкерлеріне көмек көрсетуге;

3) ІІО-ның басқа қызметтерімен және бөлімшелерімен бірлесе отырып, рұқсат берілмеген іс-шаралардың өткізілуіне байланысты пайда болған зардаптарды жоюға, бірінші кезекте автокөліктің тұрақты қозғалысын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізуге міндетті.

207. Жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстар жөнінде деректер келіп түскенде ЖП-ның наряды ол туралы тез арада кезекшіге баяндауға, оқиға болған орынға келіп жетуге, қылмыс жасаған адамдарды анықтау мен ұстау шараларын қолдануға, зардап шеккендерге көмек көрсетуге, куәлерді, оқиғаны өз көзімен көргендерді анықтауға және ЖТТ келіп жеткенге дейін оқиға орнын қорғауды, қалыптасқан жағдайға, іздерге, қылмыс қаруларына және басқа да айғақты заттарға қол сұғылмауын қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда күдікті адамдардың ізіне түсуді ұйымдастыруға міндетті.

208. Белгіленген патрульдеу бағытынан амалсыз ауытқу немесе күзет орнын ұзақ уақытқа тастап кету кезінде қызметкер ол туралы міндетті түрде ЖП бөлімшесінің кезекші бөліміне және аға ПУИ-ға баяндайды (ЖП-ның кезекші бөлімі болмағанда қалалық, аудандық ІІО-ның кезекші бөліміне баяндайды).

ЖП-ның қызметке кірісуші қызметкерлері құқық бұзушылықтың жасалуы, қылмыскерлердің, басқа да құқық бұзушылардың, қоғамға жат өмір салтын ұстанушы адамдардың пайда болуы мүмкін болатын орындарды, бағыт (күзет орны) ауданында орналасқан театрлар, қонақ үйлері, асханалар мен басқа да көпшілік орындарды білуі тиіс.

209. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен жол қозғалысына бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде ЖП-ның қызметкері жеке басының қауіпсіздігі шараларын сақтауға міндетті.

## 5 тарау. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ "Күзет" РМК БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

210. Полицияның саптық бөлімшелері (ПСБ) жеке құрамының негізгі міндеттері шарттар негізінде меншік иелерінің объектілері мен мүліктерін күзету, басқа да күзет қызметтерін көрсету болып табылады. Өзінің негізгі міндеттерін орындаумен қатар ПСБ жеке құрамы өздерінің күзет орындары мен патрульдеу бағыттары аймақтарында қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық

бұзушылықтармен күресті қамтамасыз етуге міндетті.

211. "Күзет" РМК бөлімшелерінің патрульдік нарядтарын орналастыру кезекке кірісуші "Күзет" РМК-ның ұстап алу топтарының санына қатаң сәйкестендіріле жүзеге асырылады. "Күзет" РМК-ның ұстап алу топтары экипаждарының тізімі тәулік сайын ПО-ның аумақтық кезекшісі бөлімдеріне т а п с ы р ы л а д ы .

212. Бірнеше ПУ-лерде орналасқан өздерінің секторларына "Күзет" РМК аумақтық бөлімшелерінің ұстап алу топтарының қызмет көрсетуі кезінде ПҚК құрамындағы олардың қызмет нәтижелері жөніндегі деректер аумағында олармен ашылған немесе тосқауыл қойылған, басқа да қылмыстар, қылмыс жасауда ұсталған күдіктілер немесе қылмыскерлер сол ПУ-де тіркелуі тиіс.

213. "Патрульдік учаске" деген әдіс бойынша жұмыс жасайтын "Күзет" РМК бөлімшелерінің жедел қимылдаудағы мобильдік топтарын (ұстап алу топтарын) басқару қалалық, аудандық, желілік ПО кезекші бөлімдері нұсқаулары бойынша, ал "Күзет" РМК-ның саптық бөлімшелерінің ІБ жанындағы "Күзет" РМК-ның МКД-на тікелей бағынған уақытта ІБ кезекші бөлімдерінің нұсқаулары б о й ы н ш а жүзеге асырылады.

214. Полиция нарядтарының күштерімен меншік иелері объектілерін күзетуді тиімді түрде қамтамасыз ету мақсатында автоматтырылған орталықтандырылған бақылау жүйелері (ОБЖ) базасында орталықтандырылған күзет ұйымдастырылады. ОБЖ аппараттары "дабыл" соққан жағдайда кезекші бөлім қызметі тиісті объектіге ұстап алу тобын (бұдан әрі - ҰТ) жібереді (оның ішінде радиобайланыс арқылы) және ұрлық жасау мен басып кірудің жолын бөгеудегі оның іс-қимылдарына бақылау жасаудағы жүзеге асырады. ҰАТ-ның санын, олардың орналасқан жерін "Күзет" РМК-ның бөлімшесі ОБЖ-ға қосылған объектілердің барынша шоғырлануы мен санын, сондай-ақ дабыл белгісі бойынша дер кезінде келіп жетудің қамтамасыз етілуін ескере отырып а н ы қ т а й д ы .

215. Ауысым кезінде ҰТ-ның аға қызметкері "Күзет" РМК-нің бөлімшелерінің кезекші бөлімдерінен келіп түсетін дабыл белгілерінің барлығына дерлік шығулар жөніндегі, сондай-ақ басқа да оқиғалар немесе қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамсыз ету бойынша өткізілетін іс-шаралар жөніндегі борт журналын толтырады.

216. ҰТ ПО жедел кезекшісінің "Күзет" РМК бөлімшесінің кезекшісі арқылы көшеде немесе қоғамдық орында жасалған қылмыс туралы хабарына шығу к е з і н д е :

- 1) рация арқылы аға ПУИ-ға хабар алынған уақыт жөнінде баяндауға;
- 2) ЖҚЕ сақтай отырып, қылмыс жасалған орынға жолмен тез арада (3-5 минут) к е л і п ж е т у г е ;

3) қозғалыс кезінде экипировканы және қару-жаракты пайдаланудың ыңғайлылығын тексеруге, рация арқылы аға ПУИ-мен байланыста бола отырып, қылмыс жасау ерекшеліктерімен танысуға, қылмыскерлердің белгілері туралы сұрау салуға, оларды ұстау тактикасын дайындауға;

4) оқиға болған орынға жақындаған кезде жасырынған қылмыскерлер мен қылмыс жасауға қатысушыларды анықтау мақсатында оған жалғасып жатқан аумақтағы жағдайды мұқият байқауға;

5) оқиға болған орынға келіп жеткен соң, қажетті қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, рация арқылы кезекші бөлімге хабарлауға, заңдылық сақтай отырып, қылмыскерлерді немесе күдікті адамдарды ұстауды қамтамасыз етуге;

6) жүргізуші-полицейлік қылмыстың жолын кесу кезінде машинадан шығып, ҰТ-ның қызметкерлерін сақтандыруға;

7) қылмыс жасады деген күдік туғызатын адамдар ұсталғаннан кейін рация арқылы кезекші бөлімге хабарлап, оларды ПО жеткізуге;

8) болжалған орында қылмыс белгілері анықталмаған жағдайда ол туралы рация арқылы "Күзет" РМК-ның бөлімшесі кезекшісіне хабарлап, әрі қарай оның нұсқауы бойынша іс-әрекет жасауға;

9) қылмыс орынға құқық қорғау органдары нарядтарының барлық түрлері бір мезгілге келіп жеткен жағдайда қылмысты ашу жөніндегі жедел шаралар жүргізуде жәрдем көрсетуге міндетті.

217. Күзетілетін объектілер қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты арнаулы міндеттерімен қатар "Күзет" РМК басқармасының, бөлімінің, бөлімшесінің кезекші бөлімдеріне қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі мынадай қосымша функциялар жүктеледі:

1) "Күзет" РМК бөлімшелерінің жеке құрамына нұсқау беруді өткізу кезінде қызмет атқару органдарындағы жедел жағдайдың ахуалы, іздестіру жарияланған қылмыскерлер мен ұрлап айдап кеткен автокөлік белгілері туралы хабарлау, қызмет атқарушы қызметкерлерге кезекші тәулік ағымында келіп түскен барлық бағыт-бағдарларды дер кезінде жеткізіп отыру;

2) ПО жедел кезекшісінің хабарлары бойынша көшелер мен қоғамдық орындарда болған оқиғаларға ұстау топтарының шығуын ұйымдастыру;

3) оқиға орнына жетудің ең қысқа жолдары жөнінде нарядтарға хабар беру;

4) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі ПҚК жүйесіндегі "Күзет" РМК патрульдік нарядтарының іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында ішкі істер органының жедел кезекшісімен ұдайы байланыста болу.

## 6 тарау. АРНАУЛЫ ҚҰРАЛДАР МЕН АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАНУ

218. Арнаулы құралдар мен дене күшін патрульдік нарядтар қоғамға қауіпті

әрекетті тоқтату немесе оны жасаған адамды ұстау және ПО-на жеткізу мақсатында құқық тәртібін бұзу сипатын, тәртіп бұзушының жеке басын, нақты жағдайды ескере отырып қолданады.

## §1. Арнаулы құралдарды қолдану

### 219. Патрульдік нарядтар:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын орындап жүрген азаматтарға, ПО қызметкерлеріне және басқа да адамдарға шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін;

2) кепілдікке алынғандарды босату үшін, қоғамдық тәртіпті топтасып бұзу мен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу үшін;

3) азаматтардың, мемлекеттік және қоғамдық органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің үй-жайларына, ғимараттарына, көлік құралдарына, жер учаскелеріне шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін сондай-ақ оларды басып алудан босату үшін;

4) егер де құқық бұзушылар ПО-ның қызметкерлеріне, қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындаушы басқа да адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе оларды ұстау үшін, ПО жеткізу үшін, сондай-ақ өздерін заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы ПО қызметкерлеріне қасақана кедергі жасайтын адамдарға қарсы дене күшін, кісендерді, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, назарын басқа жаққа аударатын жарық-дыбыс қондырғыларын, үй-жайларды бұзып кіруге, көлікті мәжбүрлі түрде тоқтауға арналған қондырғыларды, күресудің жауынгерлік әдістерін, қызметтік жануарларды қолдануға құқылы.

220. Арнаулы құралдардың қолданылғаны туралы ПО-ның бастығына мәлімдемемен баяндалады.

221. Өмірге және денсаулыққа қауіп төндіретін шабуыл жасау, топтасып шабуыл жасау не қарулы қарсылық көрсету жағдайларын қоспағанда әйелдерге, мүгедектіктің айқын белгілері бар адамдарға және жас балаларға қарсы арнаулы құралдар мен тәсілдер қолдануға тыйым салынады.

## §2. Атыс қаруын қолдану

### 222. Патрульдік нарядтар ең соңғы шара ретінде:

1) азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау үшін, сондай-ақ кепілдікке алынғандарды босату үшін;

2) ПО-ының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық



борышын орындаушы басқа да адамдарға шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін;

3) азаматтардың тұрғын үйлеріне, ПО арнайы күзететін объектілерге, мемлекеттік және қоғамдық органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың үй-жайларына шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін; әскери немесе ПО-ның қызметтік нарядтарына шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін;

4) қарсылық көрсетуші не қылмыс жасау үстінде ұсталған, қамаудан қашқан (әкімшілік тұтқында отырғандардан басқа) адамдарды ұстау үшін, сондай-ақ қаруын тапсыру туралы заңды талаптарды орындаудан бас тартқан қарулы адамдарды ұстау үшін;

5) жүргізуші ПО-ның заңды талаптарына бағынбай, сөйтіп азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, зақым келтіру арқылы көлік құралдарын тоқтату үшін;

6) жануарлардың шабуылынан қорғау үшін;

7) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін;

8) қажетті қорғану мен ең соңғы шараның барлық өзге де жағдайларында атыс қаруын қолдануға құқылы.

223. Қарулы шабуыл жасау, қарулы қарсылық көрсету, кепілдікке алу, әуе кемесін басып алу не өмірге қауіп төндіретін топтасып шабуыл жасау жағдайларын қоспағанда әйелдерге және кәмелетке толмаған балаларға қарсы атыс қаруын қолдануға тыйым салынады.

224. Қару қолданған барлық жағдайларда ПО-ның қызметкері төңірегіндегі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануы тиіс және мыналарды:

1) жаралаған жағдайда зардап шеккен адамға бірінші кезектегі

медициналық жәрдем көрсетуге, бұл ретте кенеттен шабуыл жасаудан сақтану үшін қажетті шаралар қолдануға;

2) өлтірген жағдайда прокуратура немесе ПО-ның өкілі келгенше өлген адамның денесін қорғауды және оқиға жағдайын сақтауды қамтамасыз ету шараларын қолдануға;

3) қару қолданылғаны туралы кезекшіге хабарлауға, ПО келген соң қаруды қашан, қайда, кім не қарсы қолданғанын, оны қолдану жағдайы мен оның салдарын, жұмсалған оқтардың санын көрсете отырып мәлімдеме арқылы баяндауға міндетті.

